

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ
ЖАНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ
ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ

Зан және Заман

ЖУРНАЛЫ

АКАДЕМИЯ
ПРАВООХРАНИТЕЛЬНЫХ ОРГАНОВ
ПРИ ГЕНЕРАЛЬНОЙ ПРОКУРАТУРЕ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ISSN 1606-4194

№2 (248) наурыз-сәуір, 2024

12+



Құқық қорғау жүйесінің
әйелдеріне арналады

Құрметті оқырман!

Көктемнің алғашқы лебімен келетін ерекше мереке – Халықаралық әйелдер күні! Журналдың редакциясы мерекеге орай құқық қорғау жүйесінің әйелдеріне, олардың өмірі мен қызметіндегі жетістіктеріне арналған ерекше нөмірін дайындады.

Қазіргі қазақстандық әйелдер қауымы қоғам мен мемлекет ісіне келгенде ер азаматтардан кем белсенділік танытып отырған жоқ. Бүгінгі таңда әйел азаматтар тек отбасы төңірегінде ғана емес, жоғары әлеуметтік белсенділік, тамаша іскерлік қасиеттер, нағыз кәсіпқойлық танытатын әйелдеріміз қатыспайтын өмір саласы жоқ.

Құқық қорғау органдарындағы жұмысы, өзінің өмірбаяны, жеткен жетістіктері туралы естеліктермен прокуратура жүйесінің, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің, қаржылық мониторинг қызметінің бұрынғы және қазіргі қызметкерлері сіздермен бөліседі.

Журналды ұсыну арқылы біз отандық құқық қорғау жүйесінің дамуы мен қалыптасуына үлес қосқан барлық әйелдерге алғысымызды білдіреміз!

Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбастарыңызға береке-бақыт, Отанымыздың өркендеуі жолындағы еңбектеріңізге табыс тілейміз!

*Құрметпен,
Бас редактор,
Прокуратураның құрметті қызметкері*

Серік Темірболатов

ИНДЕКСІ: 75860

Таралымы: 500 дана.

1996 жылдан бастап жарыққа шығып келеді.
Жылына 6 рет шығарылады.

Жарияланымдар тілі – қазақ, орыс, ағылшын.

МЕНШІК ИЕСІ:

Қазақстан Республикасы

Бас прокуратурасының жанындағы

Құқық қорғау органдары академиясы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚАНЫҢ ТӨРАҒАСЫ:

М. Сексембаев,

Академияның ректоры

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚАНЫҢ МҮШЕЛЕРІ:

Ә. Шындалиев,

ҚР Бас Прокурорының орынбасары;

С. Қаныбеков,

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Департамент басшысы;

Г. Шушикова,

Академияның проректоры-ВҒЗИ директоры;

С. Сапаралиева,

Академияның ЖООКББИ директоры, з.ф.к,
доцент;

Н. Даниев,

Академияның КОИ директоры;

С. Исаева,

Академияның Ардагерлер кеңесінің
төрайымы.

БАС РЕДАКТОР:

С. Темірболатов,

прокуратураның құрметті қызметкері.

РЕДАКЦИЯ:

Б. Бәкірова,

Академия бөлімінің бастығы;

Л. Ксеубаева,

Академия бөлімінің аға прокуроры;

К. Муканова,

Академия бөлімінің инспекторы;

Б. Сағымбеков,

Академия Институтының бас ғылыми
қызметкері.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

010078, Ақмола облысы

Қосшы қаласы

Республика көшесі, 94

сайты: zan-zaman.kz

7171211@prokuror.kz, 7171402@prokuror.kz

№2 (248) наурыз-сәуір, 2024

ISSN 1606-4194



ЖУРНАЛЫ

№2 (248) наурыз-сәуір, 2024

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

ПРОКУРАТУРА ОРГАНДАРЫНЫҢ АРДАГЕРЛЕРІ / ВETERАНЫ ОРГАНОВ ПРОКУРАТУРЫ

Мұхсын Габдуллина. Мен неге заңгер мамандығын таңдадым?.....2	2
Өнегелі өмір.....4	4
О советнике юстиции Грунковой.....6	6
Мамандығын мақтаныш тұтатын тұлға.....7	7
Айкерім Сиденғалиева. Қоғамға пайда тигізу – азаматтық міндетім.....9	9
Два поколения – одно призвание.....11	11
Призвание – отечеству служить.....13	13

ҚАРЖЫЛЫҚ МОНИТОРИНГ АГЕНТТІГІ / АГЕНТСТВО ПО ФИНАНСОВОМУ МОНИТОРИНГУ

Анастасия Болграбская. Женщина в «неженственной» профессии.....15	15
---	----

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТ / АНТИКОРУПЦИОННАЯ СЛУЖБА

Жазира Жылқышиева. Басты міндет – халыққа қызмет.....16	16
Женщины-офицеры Семирежья.....18	18

ПРОКУРАТУРА ОРГАНДАРЫ / ОРГАНЫ ПРОКУРАТУРЫ

Дәулет Тұрсынұлы. Өз ісінің майталманы.....21	21
Анаркуль Аскарова. Прокурорская стезя.....22	22
Айжан Аймаганова. Удел – хорошие люди.....24	24
Жаны нәзік, рухы берік.....26	26
Делай то, что нравится – и в твоей жизни не будет ни одного рабочего дня.....28	28
Сандұғаш Сақыпбекова. Мен өмірде еңбек жолымды таңдаудан қателеспедім.....30	30
Гүлназ Бөлекбаева. Әділдіктің жаршысы – Илия!.....33	33
Еңбегімен еленген аяулы жан.....35	35
Жәмила Аймағамбетова. Менің еңбек жолдарым.....37	37
Мақтаулы маман.....39	39

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркелген, 2018 жылғы 21 мамырдағы №17114-Ж тіркеу куәлігі.

Қолжазбалар қайтарылмайды. Авторлардың пікірлері редакцияның көзқарасымен сәйкес келмеуі мүмкін. Материалдарды басқа басылымдарда қолдануға редакцияның жазбаша келісімінен кейін ғана рұқсат етіледі. Ұсынылған материалдардың шынайылығына автор жауапты. Журнал ақпараттарын пайдаланған кезде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Журналдың мұқабасында автордың рұқсатымен Суретшілер одағының мүшесі Ә.Б. Бәкірованың «Ұмай ана» суреті қолданылды.

© Құқық қорғау органдары академиясы, 2024 ж.



МЕН НЕГЕ ЗАҢГЕР МАМАНДЫҒЫН ТАҢДАДЫМ?

МУХСЫН ГАБДУЛЛИНА,

*«Қазақстан Республикасы прокуратурасының
Алматы қалалық ардагерлер бірлестігі»
қоғамдық бірлестігінің хатшысы*

Заңгер мамандығы – менің бала кезімнен арманым болатын. Менің алға қойған мақсатым – мектепті жақсы бітіріп, белгілі бір маман иесі, яғни заңгер болып, ата-анама, өзімнен кіші бауырларым мен туыстарыма қамқор болып, білгір маман атану еді.

Әлі есімде, өткен ғасырдың 1965-1966 жылдары мен білім алған мектепте «Біздің қоғамымыздың негізгі заңдары» атты факультативтік сабақ жүрді. Осы уақыттан бастап өз алдыма мақсат қойдым, болашақ мамандығым жайлы көз алдыма елестетіп, прокурор болуды армандадым. Осы арман мені 1968 жылы Қазақтың С.М. Киров атындағы Мемлекеттік Университетінің заң факультетіне алып келді. Университетті 1973 жылы ойдағыдай бітіріп, сол жылы жаңадан ашылған Жезқазған облыстық прокуратурасына жолдамамен жас маман ретінде келдім. Сол кездегі облыс прокуроры Петр Григорьевич Грачков мені жылы лебізбен қарсы алып, сіз Қаражал қалалық прокурорының көмекшісі ретінде барасыз деді. Жаңадан бастаған прокурорға оңай болмады. Ең бастысы еңбек, тілек, өзіңмен жұмыс болды. Бұл ретте прокурордың қыр-сырын меңгеру үшін қылмыстық, азаматтық кодекстерді жетік білу, заңдар мен баптарды нақты пайдалана білу, психолог болу, адам жанын түсіне білу қажет болды. Мұның бәрі табандылықты, еңбекқорлықты, есте сақтауды, төзімділікті қажет етті.

Менің бақытыма осындай уақытта Қаражал қаласының прокуроры Вячеслав Павлович Купряшин, судья Борис Иванович Подовинников сынды тәжірибелі, білімді заңгерлер кез болды, мен білмегенімді сол азаматтардан сұрап үйрендім.

Облыс прокуроры П.Г. Грачков анда-санда звондап, қалай жұмыс істеп жатқанымды, үй мәселесі қалай шешілді, осы сұрақтармен қызығушылық танытып, сөз соңында: «Мира Карбановна, Вы замужто вышли?» – деп әзілдейтін. Ол кісінің айтқандары, берген ақылдары маған қуат, шабыт беретін.

1978 жылдың жаз айларында мен осы облыстың Шет аудандық прокуратурасына тергеуші болып ауыстым. Осы ауданда бір азаматтың арызын шешуде мен келеңсіз жағдайға душар болдым. Маған дейін бұл азаматқа аудан прокуроры қанағаттандырусыз қалдыру жөнінде жауап берген екен. Әрине, мен оны білдім, бірақ жер мәселесіне байланысты заңдарды, ережелерді, сол уақыттағы заңнамаларды зерделеп, арызды қанағаттандыру туралы жауап бердім. Бұл аудан прокурорына ұнамады, субординация сақталмаған деген желеумен облыс прокурорына арызданып, екеуміз облыс прокурорының алдынан бірақ шықтық. Бұл кезде облыс прокуроры Андрей Андреевич Мутихин деген кісі болатын, дөрекі, дауыс көтеріп сөйлейтін, түсіндіргеніңді тыңдамайтын адам еді. Жиналыста маған: «Жұмыстан кет, өз ықтиярыңмен арыз жазып, атқарып отырған орныңды босат», – деді. Мен: «Жарайды, бірақ Республиканың Бас Прокурорына барамын», – дедім. Ол кісіден «куда хочешь, туда иди» деген сөзді де естідім.

Қазақ ССР-нің Бас прокуроры Өтеген Сейітұлы Сейітов өзі қабылдап, менің сауалымды мұқият тыңдап, бір сағаттай ол кісінің кабинетінде отырдым. Менің көзімше А.А.Мутихинге телефон соғып, «почему Вы разбрасываетесь своими кадрами», – деп ұрысты. Сөз арасында мен: «П.Г. Грачков болғанда мұндай жағдай болмас еді» дегенімде, Өтеген Сейітұлы: «Онда сізді Қарағанды облыстық прокуратурасына жіберейін, – деді, бірақ мен: «Өтеген Сейітұлы, мен енді ол жаққа бармай-ақ қояйын, мені не Алматы, не Талдықорған облыстық прокуратурасына жіберіңізші», – дедім. Ол кісі қолма-қол Алматы облыстық прокуроры Нұрмағанбетов Әбдіқадыр Ибенұлын шақырып, (сол кездегі Мир көшесі, 110 ғимаратында бірге отыратын), мені жұмысқа қабылдауын өтінді. Мен Өтеген Сейітұлының кабинетінен ауруынан құлан таза жазылған адамның кейпінде шықтым. Қан-

дай аға буындар еді, сол кездегі прокуратура басшылары! Өтеген Сейітұлы: Ұлы Отан соғысына қатысқан соғыс ардагері, келбетті, көркем сұлу азамат еді. Он сегіз жыл бойы Қазақ ССР-нің Бас прокуроры қызметін атқарып, қарапайымдылығы мен кісілігін асқақтатып, көптің құрметіне бөленген адам. 2013 жылы ол кісінің 90 жылдық мерейтойы Республика көлемінде атап өтілгені баршаңызға белгілі. Қазақстан прокуратурасының тарихында есімі алтын әріппен жазылған тұлғаның бірі Сейітов Өтеген Сейітұлы еді.



Ө. Сейітовтің 100 жылдығына арналған конференцияда

Алматы облысының сол кездегі прокуроры Ә.И. Нұрмағанбетов ағамыз Кеңес дәуірінде Мемлекеттік Қауіпсіздік комитетінде, кемеңгер атамыз Д.А. Қонаевпен Орталық партия комитетінде қызметтес болған адам. Биыл ағамыз 90 жасқа келеді. Ардагерлер қоғамында мүше, сұхбат беріп тұрады. Кеңес дәуірінде кейбір партия басшылары прокуратураның жұмысына араласып қоятын, ол әрине ешбір прокурорға ұнамайтын. Осы туралы айтқанымда, Әбдіқадыр Ибенұлы: «Қазақ ауданында қызмет атқарып жатырсыңдар, аудан басшыларымен келісіп, прокуратура қызметіне зиян келмейтін жағдайларды ескеріп, оларға заңдылықты түсіндіріп жұмыс істеңдер», – деп кеңес беретін.

Кеңес дәуірінде прокуратура қызметкерлеріне деген талап өте жоғары болды, кәсіби шеберлікті арт-

тыру, білімді жетілдіру, сонымен қатар қарапайым киіну, қарапайым өмір сүру, мәдениетті болу талаптары да назардан тыс қалған жоқ.

Зейнеткерлікке шыққанға дейінгі, яғни 1999 жылға дейін, мен Ілияс Жақыпбекұлы Бахтыбаев, Оңалсын Исламұлы Жұмабеков және Ғарифолла Құрманғожыұлы Өтебаев сынды білімді, тәжірибесі мол, жауапкершілікті және қатаң тәртіпті талап ететін облыс прокурорларының қарауында қызмет атқардым. Бұл басшылардың алқа мәжілістерін қалай өткізетінін білсеңіздер ғой! Белгілі бір заңның заңды тұлғалармен, қоғамдық ұйымдармен орындалуын тексерген кезде, өрескел құқықбұзушылық болған жағдайда прокуратураның алқа мәжілісіне шығаратынбыз, оған құқықбұзушылық танытқан мекеме басшылары, БАҚ қызметкерлері қатысатын, қорытындысы бойынша арнаулы шешімдер қабылданып, прокурорлық қадағалаудың актілері кінәлі адамдарға қолданылатын. Мұндай шараларды қазіргі таңда прокуратура басшылары да жүзеге асырып жатыр.

Осындай қиын да, қызықты жылдарды артқа салып, аман-есен, абыроймен прокуратура органдарынан зейнеткерлікке шықтым. Қазіргі таңда Д. Қонаев атамыздың атындағы жоғары оқу орнында болашақ білікті де, білімді заңгерлерді дайындауда өз үлесімді қосып келемін.



Ардагерлермен Халықаралық әйелдер күнінде кездесу сәті

Прокуратура ардагерлерін, прокуратурада қызмет атқарып жатқан барлық қыз-келіншектерді шұғылалы көктемнің алғашқы мерекесі 8-наурыз Халықаралық әйелдер күні мейрамымен шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге зор денсаулық, амандық пен мейірімділік тілеймін!



Қазіргі таңда нәзік жандылар әскери қызметтің барлық түрінде жұмыс істейді. Сондықтан да олар бұрынғыдай тек медицина, педагогика, қаржы т.б. салаларда жұмыс істейді деп ойлау қате. «Әйел – бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген де соны білдірсе керек. Осындай әйел азаматшалардың бірі ретінде прокуратура органдарының ардагері Әйкен Шәмілханқызы Құмғанбаеваны атап өтуге тұрарлық деп санаймыз. Әйкен Шәмілханқызы 1952 жылы 12 сәуірде Алматы облысында дүниеге келген. Еңбек жолын Жанашар жеміс консерві комбинатында жұмысшы болып бастап, 1970-1977 жылдар аралығында Еңбекші-қазақ аудандық халық сотының, кейін Алматы облыстық сотының сот отырысының хатшысы болып қызмет атқарған. 1977 жылы шілдеде С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін бітіргеннен кейін Гурьев (қазіргі Атырау) облысының прокуратурасына жіберіліп, Гурьев қаласы прокурорының көмекшісі, кейін аға тергеушісі қызметтерін атқарған. 1991-2003 жылдары облыстық прокуратураның тергеу бөлімінің бастығы, сот қаулыларының заңдылығын қадағалау бөлімінің бастығы, Балықшы ауданының прокуроры, ұйымдастыру-бақылау бөлімінің бастығы қызметтерін атқарған. Атырау облысы прокуратурасында 26 жыл еңбек өтілі бар, аға әділет кеңесшісі шенінде.

2003 жылы еңбек өтілі бойынша зейнеткерлік-

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР

ӘЙКЕН ҚҰМҒАНБАЕВА

прокуратура органдарының ардагері

Қазақ елі ежелден қыз баланың тәрбиесіне аса назар аударған халық. Нәзік жандылардың абыройын бәрінен биік қойған. Қазіргі кезде де қазақ қоғамында гендерлік саясаттың дами түскенін көруге болады. Нақтырақ айтқанда, бұрынғы «Әскери сала әйел адамға тән емес» деген концепцияның дұрыс емес екендігі белгілі. Оған дәлел – Қазақстан Республикасының құқық қорғау саласындағы әйел адамдардың үлесінің артуы.

ке шыққан. Зейнеткерлікке шыққан күннен бастап бүгінгі күнге дейін заңгерлік қызметінен қол үзген жоқ. Әйкен Құмғанбаева адал еңбегі үшін бірқатар алғыстарға ие болып, Қазақстан Республикасы Бас Прокуроры мен облыс прокурорының, облыс әкімінің, облыстық мәслихаттың Құрмет грамоталарымен, «Қазақстан Республикасы Прокуратурасына 20, 25 және 30 жыл», «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 20, 25 және 30 жыл», III-дәрежелі



Ә. Құмғанбаеваның ұжыммен кездесуі



Ә.Құмғанбаеваның студенттермен кездесу сәті

«Мінсіз қызметі үшін», «Прокуратура Ардагері» медальдарымен марапатталған. Қазақстан Республикасы прокуратурасының Құрметті қызметкері. 2005 жылдан Қазақстан Республикасы прокуратура органдары ардагерлерінің Атырау облыстық қоғамдық бірлестігінің төрағасы. Бүгінгі күнде Атырау облысы прокуратурасының қоғамдық өміріне белсенді қатысады, бастамашыл.

Әйкен Құмғанбаева ардагеріміз ұзақ жылдар бойы прокуратура органдарында басшылық әрі жауапты лауазымдарда бола тұра, қызметі мен отбасын қатар ала жүре, жар, ана, әже атанған. Әйкен Шәмілханқызы секілді саналы ғұмырларын прокуратура органдарына арнаған ардагерлеріміз аз емес. Атап айтсақ, әр жылдарда қызмет еткен, қазір арамызда жоқ Светлана Жұмашева, Қанипа Ізмағамбетова, бүгінде арамызда жүрген Райхан Әйтенова, Светлана Дүйсенбекова, Роза Қадырғалиева, Клара Сатылғанова, Ляззат Нұрмағамбетова

секілді ардагерлердің өмір жолдары әріптес сіңілеріне үлгі, өнеге.

Қазақ әйелі бағзыдан даланы қорғаған ерлермен бірге ерлік жасаған. Қазақ әйелі тек қана ошақ қасының емес, бүкіл өмірін, ұрпағын сақтаған.

Қорыта айтқанда, «Әйел адамның қолы тиген жердің бәрі гүлденеді» демекші, қоғамда өзіндік орны бар нәзік жандылардың абыройын арттырып, нәзік жандыларға қай салада болмасын қолдау көрсетіп, құқықтарының бұзылмауын қамтамасыз ету – басты парыздарымыздың бірі деп есептейміз.

Тәуелсіз Еліміздің ұл-қыздарын тәрбиелеп, азаматтарға сенімді тірек болып, қоғам ісіне білек сыбана кірісіп, қиын-қыстау кезде демеу болып жүрген әйел қауымына үлкен алғыс айтамыз.

***Атырау облысы прокуратурасының
кадрлық жұмыс тобы***



О СОВЕТНИКЕ ЮСТИЦИИ ГРУНСКОЙ

НИНА ГРУНСКАЯ

ветеран органов прокуратуры

Нина Ивановна Грунская родилась 2 февраля 1944 года в деревне Копчик Кушвинского района Свердловской области. Ее детство, учеба в школе, работа лаборантом на цементном заводе пришлось на послевоенные годы. На Урале, как и всюду в СССР, шел процесс переосмысления нашей истории, демократического обновления общества.

Любознательная девушка видела жизнь во всех ее проявлениях, в том числе и негативных. Люди жаловались на беззаконие, волокиту в разборе их жалоб и бюрократизм местных чиновников. Не раз она пыталась помочь обиженным, но мало кто обращал внимание на заступничество вчерашней школьницы. В те годы и начал проявляться уральский характер Нины Грунской. Девушка твердо решила стать юристом.

1967-й год стал важным, поворотным событием в ее жизни. Завершена учеба на юридическом факультете Пермского государственного университета. По направлению молодой специалист, правовед Грунская Нина приезжает в Восточный Казахстан и ее назначают помощником прокурора Глубоковского района.

Можно понять тогдашнее состояние начинающего специалиста – большая ответственность тяжелой ношей легла на ее хрупкие плечи. Новое место, знакомство с коллегами, первые самостоятельные шаги. Конечно, Грунская Н.И. была готова к трудностям, они ее не пугали, но как это бывает в жизни – одно дело быть готовым и совсем другое – поверить в свои возможности, утвердить себя в повседневной практической работе. Нина Ивановна выдержала, поняла, что не «боги горшки обжигают», а трудолюбивые, настойчивые и целенаправленные люди, каждый на своем конкретном месте. И это заметили и оценили. Спокойный разбор каждого дела, умение довести его до логического завершения, оперативность рассмотрения жалоб и заявлений граждан – эти и еще многие другие качества Грунской Н.И. говорили сами за себя.

Нине Ивановне довелось поработать следователем, старшим следователем городской прокуратуры, старшим помощником прокурора Октябрьского района г. Усть-Каменогорска, помощником прокурора области по общему

надзору. Была слушателем курсов в Московском институте повышения квалификации руководящих кадров при Генеральной прокуратуре СССР. Присвоен классный чин советник юстиции.

Годы работы следователем, помощником прокурора района и области значительно расширили профессиональный кругозор Грунской Н.И., забот как повседневных, так и перспективных у Нины Ивановны всегда было с избытком. Но работала она, как всегда четко, деловито и энергично. Если иногда и жаловалась, то только на одно – нехватку времени.

Простота общения, доброжелательность, скромность отличительные черты Нины Ивановны. Ее многолетний и добросовестный труд неоднократно положительно оценивался. Так, приказом Генерального Прокурора СССР №443-л от 15 марта 1985 года награждена ценным подарком. Генеральным Прокурором Республики №210/6 от 13 июля 1992 года ей объявлена благодарность, также награждена юбилейными медалями «Қазақстан Республикасының прокуратурасына 20 жыл», «Қазақстан Республикасының прокуратурасына 25 жыл», медалями «Мінсіз қызметі үшін» 1, 2 и 3 степени.

Нина Ивановна 11 июля 2000 года уволилась по достижению пенсионного возраста с должности старшего прокурора отдела кадров прокуратуры области.

Находясь на заслуженном отдыхе, Грунская Н.И. не прерывает связь с органами прокуратуры – активно принимает участие во всех мероприятиях, проводимых прокуратурой области, делится с молодыми сотрудниками богатым опытом работы, участвует в воспитании молодежи в лучших традициях прокурорской деятельности.

*Группа кадровой работы
прокуратуры Восточно-Казахстанской области*



МАМАНДЫҒЫН МАҚТАНЫШ ТҰТАТЫН ТҰЛҒА

СВЕТЛАНА ИСАБАЕВА

прокуратура органдарының ардагері

Кез келген елдің дамуы, өркениет көшінен қалыспауы, сол мемлекеттегі заңның заман талабына сайлылығы мен талаптарының бұлжымастан орындалуына тікелей байланысты. Осы орайда қоғамдағы әділеттіліктің салтанат құруы мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын, мемлекет мүддесінің орындалуын қадағалап, қамтамасыз етуге тиісті органдардың көш басында прокуратура тұратынын ешкім жоққа шығара алмайды. Заңдылықтың кепілі болып саналатын аса мәртебелі әрі маңызды салада негізінен осы мамандықты жүрек қалауымен таңдаған, білімі мен біліктілігі бір-біріне сай адамдар ғана қызмет етуге тиісті және олардың дені ер-азаматтар болуы қажет деп ойлаймыз. Алайда прокуратурада нәзік жанды әйелдер де абыроймен еңбек етіп, елімізде заңдылықтың үстемдік құруы жолында ерлермен бірге еселі еңбек үлгісін көрсетіп келеді. Сондай бүкіл саналы ғұмырын осы салаға арнаған және заңдылықты қадағалаудағы жауапты міндеттерінің денін Жетісу жерінде атқарған, зейнеткерлікке шықса да, облыстағы ардагерлер ұйымдарының, прокуратурадағы қоғамдық жұмыстардың бел ортасынан табылып, жас ұрпақ тәрбиесіне үлкен үлес қосып жүрген прокуратура ардагері **Светлана Қалымбетқызы Исабаеваның** есімін жерлестері әрдайым мақтанышпен айтып отырады.

Светлана Қалымбетқызы 1951 жылы 23 шілдеде Батыс Қазақстан облысының орталығы Орал қаласында дүниеге келген. Сол кезде осы қаладағы прокуратурада тергеуші болып істеген әкесі Қалымбет Исабаев қызының өмірге келуін отбасымен, әріптестерімен бірге зор қуанышпен атап өтіп, барлығы бір ауыздан оған Светлана деген есімді береді. Ол жылдары бұл есімнің өзіндік ерекшелігі бар болатын...

«Мен туғанда, Кеңестер Одағының бірінші басшысы Сталиннің аты дәуірлеп, атағы аспандап тұрған кез еді ғой. Әкем мен анам және олардың достары

сондай атақты адамның – Сталиннің қызы Светланаңың құрметіне мені де Светлана деп атапты. Оған еш өкінбеймін. Есімім өзіме ұнайды және шамам жеткенше атыма сай болуға тырыстым, әлі де сондаймын. Әрдайым айналама жарық шашып жүруге, адамдарға көмектесуге ұмтылып келемін.

Сол уақыттағы балалардың барлығы сияқты, балабақшаның тәрбиесін көрдім, мектепке бардым. Әкешімнің қызмет бабымен көшіп-қонып жүріп, 1968 жылы орта мектепті Түркістан қаласында бітірдім. Сол жылы Алматыдағы С. М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға түстім.

Әкем құжат тапсырғанша барынша қарсылық танытып, заң факультетінен алатын мамандықтың қыз балаларға келіңкіремейтінін дәлелдеумен болды. Ол кісінің курстасы Мәжит Имашев аға да үгіттеп, қыздарға педагогиканың дұрыс болатынын, заң саласының тым күрделі әрі қиындығы көптігін айтудан кенде болған жоқ. Бірақ бала кезден әкемнің жұмысына қызығып, өзімді іштей дайындап алған мен де ұстанымымнан таймадым. Ақыры дегеніме жеттім. Оқуға да түстім, оны абыроймен аяқтап, әкемнің ізбасары ретінде оның ісін жалғастырдым. Өкінішім жоқ. Бастан қиындығы бар, қызығы бар, біраз дүние өтті. Мамандығыма адал болдым. Соның арқасында бірқатар жауапты міндеттерді атқардым, басшылықтың сеніміне ие болып, жұрттың үмітін ақтадым дей аламын», – деп толғанады әлі күнге облыстағы қоғамдық шаралардың бел ортасында белсенділігімен дараланып жүретін прокуратура ардагері.

Светлана Қалымбетқызы университеттен соң жолдамамен Шымкент облысының прокуратурасына жіберіледі. Бұл кезде облыста кейіннен Қазақ ССР прокурорының орынбасары болған Аркадий Мызников прокурор еді. Осы облыстағы Түлкібас аудандық

прокуратурасында тағылымдамадан өткеннен соң Шымкент қаласындағы Еңбекші аудандық прокуратурасына тергеуші ретінде ауыстырылады. 1975 жылы мамырда тұрмысқа шығуына байланысты Талдықорған қаласына қоныс аударған. Сол кезден бастап зейнетке шыққанға дейінгі қызметтік жолы бір кездегі Талдықорған – қазіргі Жетісу облысымен тікелей байланысты. Облыстық прокуратурадағы тергеу бөлімінің прокуроры, облыс прокурорының азаматтық істерді қадағалау бойынша аға көмекшісі болғанында барынша шыңдалып, мамандығының қыр-сырына қанықты. Талдықорған қаласы прокурорының, Көксу ауданы прокурорының орынбасары міндеттері жүктелгенде де жаман аты шықпады. Тек жетістіктерімен, жақсы аталып жүрді. Облыстық прокуратураның соттардағы қадағалау бойынша бөлімінің басшысы лауазымын атқарғанда соттарда қылмыстық, азаматтық, шаруашылық істерінің заң ауқымында қаралуын қамтамасыз етуге барын салды. Мұнда да өзінің білімділігімен, біліктілігімен дараланды.



С. Исабаева әкесімен, 1961 ж.

Құрметті демалысқа шыққаннан кейін де қарап отырғанды жөн көрмеген **Светлана Қалымбетқызы** облыстағы, қаладағы прокуратура мен ардагерлер ұйымдарының қоғамдық жұмыстарына белсене қатысып жүр. 2004 жылы мамырда облыстық прокуратураның ықпалдастығымен Алматы облысы прокуратурасы ардагерлерінің қоғамдық бірлестігі ұйымдастырылып, тіркелген. 2004-2014 жылдары осы бірлестікке жетекшілік етті. Қазіргі кезде де облыстағы айтары бар ардагерлердің көш басындағылардың қатарында белсенділігімен байқалады.



С. Исабаева облыс прокуроры Б. Сембин және әріптестерінің ортасында, 1997 ж.

«Өткен ғасырдың 70-80 жылдары прокуратурада тәлімгерлер мектебі жұмыс істеп, тәжірибелі тәлімгерлер өздерінің уақыттарымен санаспастан жас мамандарға білгендерін үйретіп, тәжірибелерімен бөлісетін. Бұл – бір тамаша дәстүр еді! Жас мамандардың мамандыққа адалдықтарын арттырып, жауапкершілігін күшейтеді. Өкінішке қарай, қазіргі кезде осынау аса қажетті үрдіс үзіліп қалды. Қайта жаңғыртса, дұрыс болар еді», – деген прокуратура ардагері өзі қызметтес болған облыс прокурорлары Т. Ибраев, Б. Тұрсынов, А. Нұрмағамбетов, Ғ. Өтебаев, Б. Сембин, С. Оңғарбаевтардың есімдерін ерекше әрі аса ілтипатпен атап өтті.

Әкесінің әділеттілік жолындағы әлеуетті ісін абыроймен жалғастырып, аса жауапты әрі маңызды мамандығына деген адалдықтан айнымаған, айнала ортасына үлгі бола білген прокуратура ардагері Светлана Исабаеваны көктем мерекелерімен құттықтай отырып, осы қалпыңыздан ажырамай, арамызда аман-есен жүре беріңіз демекпіз.

Жетісу облысы прокуратурасының кадрлық жұмыс тобы



ҚОҒАМҒА ПАЙДА ТИГІЗУ – АЗАМАТТЫҚ МІНДЕТІМ

АЙКЕРІМ СИДЕНФАЛИЕВА

прокуратура органдарының ардагері

Менің балалық шағым көп балалы отбасында Маңғыстау өңірінің мұнайлы ауылында өтті. Бала кезімізден бастап бізге әке-шешеміз, ата-әжеміз адал, шыншыл болуды, үлкендерге ізетпен, басқа адамдарға сыйластықпен қарауды, білімді болуды, жаман әдеттерден аулақ болуды құлағымызға құйып, отбасылық тәрбиенің үлкен мектебінен өттік. Соның нәтижесінде қазіргі кезде барлық ағаларым, інілерім мен апам мектептік білімнен кейін әр түрлі мамандықты игеріп, жанұялы болып, өз отбасыларында бақытты өмір сүруде.

Ата-әжемнің, әке-шешемнің өміріне тоқталып өту менің міндетім деп санаймын, себебі, олардың көрген өмірлік қиындықтары мен тәжірибесі негізінде бізге берген тағылым-өнегелері өмірімізде сабақтастықпен жалғасуда.

Атамның арабша сауаты болды, атам мен әжем совет заманында өмір сүрсе де, намаздарын қаза қалдырмай оқитын.

Әлі күнге есімде, ақ жаулықты әжемнің үйіміздің төрінде ұршық үйіріп отыратыны, ал атам бізге тәрбиеге қатысты ислами құндылықтарды үйретіп, әлемде 18 мың ғалам барын, түрлі аңыз, қиял-ғажайып ертегілерін, өмірде болған оқиғаларды майын тамызып айтқанда, түнге дейін тыңдап, атамыздың қасында ұйықтап қалатынбыз.

Ата-әжем арасында көңілсіз болып, өткен өмірлерін айтып, түрлерінде реніш болатыны, көздеріне жас алып «Үкіметке не жаздық» деп отыратыны көз алдымда, себебі, олар коллективизация құрбандары болды, 1929-1932 жылдар аралығында атам мен әжем Форт-Шевченко қаласында тұрған, байлар ұрпағы деген желеумен үй-жайы, мал-мүліктері конфискацияға түсіп, атам сотталып, 3 жыл Үйшіктің (бұрынғы Гурьев, қазіргі Атырау қаласы) түрмесінде отырып келген, содан оны Таушық көмір өндіретін кен орнына жұмысқа салған (1945 жылы соғыс біткенге шейін).

Сонау 30-жылдары әжем 8 баламен бірге аштық зардабын тартып, балалары аштық, аурудан жаппай қырылып, жалғыз менің әкем ғана тірі қалған. Әкемнің өзінің үйсіз-күйсіз, аш жүрген соғысқа дейінгі, соғыс жылдарындағы балалық шағы, соғыстан кейінгі жоқшылықта өткен жастық шағы туралы естеліктері жадымнан кетпейді. Фильм түсіруге болады.

Әкемнің бастауыш орта білімі ғана болды, мінезі қайтпас, әділетшіл, қара жұмыстан ширыққан, қажырлы болатын.

Ол «біздер оқи алмадық, соғыстан соң ол кезде 18-20 жас шамасында Маңғыстаудан Гурьевке мұнай техникумына түсу үшін түйемен сапар шектік, алайда, жолда 1 айдан аса уақыт жүріп келгенде, оқу мерзімі басталып кетті деп бізді оқуға қабылдамады» деп айтатын.

Әкем мен анам балаларының жоғары білім алуына сондай құштар болды. Арманымыз ақталып, оқуымызды бітіріп, әр саланың маманы болғанымызда әке-шешеміз біздерді әрдайым мақтаныш тұтатын. Анамның естелігінен: «Әкем Алға (Ақтөбе облысы) ауданында сот болып қызмет атқарған. 1937 жылы алғашқы үкім – ату жазасы болған. Бұл үкіммен келіспей, кінәлі емеспін деп бірнеше рет Мәскеуге – Сталиннің атына арыз жазып, соның нәтижесінде үкім өзгертіліп, 10 жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған. Жазасын өтеу үшін Қиыр Шығысқа жөнелтіліп, сол аймақта 1942 жылы қаза болған». Әкесінің асырауынсыз қалған анам сол жылдары шешесімен бірге Маңғыстаудағы нағашыларын жағалап келіп, тірі қалған. Ол да өмірдің тауқыметін көп көрген, өзі «соғыс жылдарында бала кезім – 10 жасармын, жалғыз көйлегім болды, оны жуып, далаға іліп



Сиденғалиеваның ата-анасы

қойғанда, ұрланып кетті, содан шешемнен өліп таяқ жедім» деп есіне алатын.

Әр нәрсенің қадірін білуді, адал еңбекпен табыс табуды, ысырапшылыққа жол бермеуді, осы өмірге қанағатпен қарауды сезінуім – отбасылық тәрбиеден деп білемін.

Бір қызығы, әлі есімде, жасөспірім кезімде – шамамен 12-13 жаста болсам керек, жаз кезіндегі каникулда ауыл үйлерінің арасындағы жол бойында ауыл балалары – бір жағында орысша білмейтін қазақ балалары, екінші жағында басқа ұлт балалары бірін-бірі түсінбей, бір-біріне тас лақтырып, төбелеспек болатын, ал, мен болсам, солардың арасына түсіп, айырып, әрқайсысын бір-бірлеп әрмен қарай итеріп жүгіріп жүретінмін, үйлеріңе қайтыңдар деп, сол кезде жолдың ар жағындағы көршілес бір үйдің маңында Балапаш деген үлкен әже үнемі көлеңкеде демалып, балалардың ойындарын, жүріс-тұрыстарын бақылап отыратын, маған айқайлайтын «Прокурор, әй сен прокурорсың!» деп. Ол кезде прокуратураның не екенін білмейтін кезім.

Әділет жолын қалап, заңгерлік жоғары білім алғаннан соң 5 жылдан астам мемлекеттік мекемелерде заңгер болдым, кейіннен прокуратура органдарында әр түрлі лауазымдарда 17 жылға жуық қызмет еттім.

Прокурорлық еңбек жолым Ақтау қаласының прокуратурасында жалпы қадағалау бөлімінде басталды, 1995 жылы болатын, компьютер деген болған жоқ, әр кабинетте отыратын 2-3 прокурор қызметкеріне 1 печаттық машинкасы болды. Күні бойы прокуратураға түскен материалдарды зерделеп, мекемелердегі заңсыздықтарды анықтау үшін жоспарлы тексерулер жасап, арыз-шағыммен келген азаматтарды қабылдап, прокурорлық актілер дайындау үшін көбінесе жұмыста кеш батқанға дейін жүретінбіз, сенбі, демалыс күндері де жұмысқа шығатынбыз.

90-жылдары мұнай мекемелерінде жұмысшылардың еңбекақысын уақытында төлемеу, көбінесе, орын алатын, жұмысшыға мекемеде тұрғын-үй алуға кезегі келіп тұрып, басшылар тарапынан пәтерін бермеген жағдай да болып, қалалық прокуратура атынан заңсыздықты жою туралы прокурорлық ұйғарымдар беріп, көп азаматтардың еңбек құқықтары қалпына келтіріліп, жалақылары төленіп, жұмысшы пәтерін алып, прокурор қызметінде жүріп алғыс та алдық.

Маңғыстау облысы прокуратурасының сот қаулыларының заңдылығын қадағалау басқармасында қызмет ету барысында облыстық сот сатыларында қаралатын қылмыстық істер бойынша сот үкімдерінің, азаматтық істердің сот шешімдерінің заңдылығын үнемі қадағалауды жүзеге асырып, сотқа жүгінген әлеуметтік қорғалуға жататын тұлғалардың құқығы мен мүддесін қорғауда прокурорлық қырағылық таныту – басты міндетім болды.

Соңынан біраз жыл Маңғыстау облысы прокурорының аға көмекшісі лауазымында қызмет атқардым. Сол кездерде басшы лауазымдағы прокурорлар Асылхайыр Байболатовтың, марқұм облыс прокуроры болған Қабділмәжит Талиповтың, Дастан Сартаевтың, Сабыржан Бекбосыновтың және басқа да прокурор ағаларымыздың жас қызметкерлерге үйреткен тәлімгерлігі негізінде біраз жұмыстың қыр-сырына үңіліп, Маңғыстау өңірінде заңдылықты, құқық тәртібін сақтауда замандас прокурор қызметкерлермен бір сапта жүріп, өз үлесімді қостым десем артық болмас.

Қазіргі кезде сол жылдарда прокуратура саласында талмай қызмет етуімнің жемісі деп – әділет кеңесшісі сыныптық

шенінде прокурорлық зейнеткерлікке шығуымды мақтанышпен айта аламын.

Еліміздің құқықтық саясатын дамытуда прокуратура органдары әрдайым көшбасшы болып, заңдылықтың сақталуын жүзеге асыруы – өркениетті қоғамда өзекті бағыттар болып қала береді, оның нәтижесінде мемлекеттің әрі қарай нығайы күшейеді.

Прокуратура органдарында алған тәжірибемді енді адвокатура саласында жалғастырудамын. Адвокат қызметінде жүргеніме де 11 жылдан асты. Қазіргі кезде де азаматтардың бір-шама қуқықтық, қаржылық сауатсыз болып, көбінесе заманауи алаяқтардың қармағына түсіп, алданып қаржы, мүліктерінен айырылып жатады, қоғамда құқық тәртібіне салғырттықпен қарау да көп кездеседі, есірткімен күрес, кәмелет жасына толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың көбеюі, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы ҚР Кодексінің талаптары болып саналатын ата-аналардың балаларын асырап-бағу, тәрбиелеу бойынша міндеттерін мойнына алмау, ажырасу фактілері көптеп кездеседі, осы санаттағы істер соттарда жиі қаралуда, барлығы да ойландырарлық жағдай.

Прокурорлық мектептен өткеннен кейінгі менің адвокаттық жұмысымда азаматтық құқықтары бұзылған немесе қылмыстық, әкімшілік жауапкершілікке тартылып, шалыс басқан тұлғалар да қорғаушы қызметіне мұқтаж болып жатады, хабарласқан азаматтарға өз тәжірибемді пайдаланып, әрбір туындаған мәселені заң аясында шешуге тырысып, заңгерлік көмек көрсету – басты мақсатым.



Сиденғалиева ұлымен

«Тәрбие – тал бесіктен» деген, жеткіншек балаларына дұрыс тәрбие беру, адами қасиеттерді қалыптастыру – әр атананың міндеті, сонымен бірге, баланың жүрген ортасы да тәрбиеге әсер етеді. Қазіргі таңда оқу орындары, ұйымдарда, әлеуметтік желіде заңнама талаптарын халыққа жеткізе білу жұмысы әділет, құқық қорғау органдарымен қатар барша заңгерлер қоғамына артылатын өзекті мәселе болып тұр.

Құқықтық ахуал жақсарса, азаматтардың тұрмыс-тіршілігі де жақсарады және қоғамымыз дамиды, мемлекетіміз нығаяды.



ДВА ПОКОЛЕНИЯ – ОДНО ПРИЗВАНИЕ

ЖАНАР ДОЩАНОВА

ветеран органов прокуратуры

Почти тридцать лет посвятила работе в правоохранительной системе Жанар Дощанова. Из них двадцать лет трудилась в органах прокуратуры Павлодарской области. Находясь на заслуженном отдыхе, старший советник юстиции говорит, что годы на службе пролетели как один миг. А сегодня на страже закона и порядка ее сын – Гани Калыбеков.

Дошанова Жанар Габдуллоевна родилась в 1970 году в городе Павлодаре в семье строителя и медицинской сестры. Она признается, что с детства мечтала изучать право, так как перед глазами был пример – ее тетя работала судьей.

«Но мечты о юридическом образовании и профессии пришлось на некоторое время отложить. Сначала я поступила в Казахский педагогический институт имени Абая в городе Алматы на дефектологический факультет, став логопедом. После окончания института вышла замуж, в 1994 году родился сын. Будучи совсем молодой, пережила трагическую гибель мужа. Но в 1996 году судьба привела меня на службу в Индустриальный РОВД инспектором по делам несовершеннолетних», – вспоминает Жанар Дошанова.

В этом время службы в инспекторов по делам несовершеннолетних принимали с педагогическим образованием. Но требовались характер, упорство и при этом отзывчивость. Ведь отдел сложный: работать надо было с неблагополучными семьями, беспризорниками. Рабочий день мог затянуться до ночи, а подопечных приходилось разыскивать по подвалам-чердакам.

«Это был 1996 год – само по себе непростое время. На руках у меня маленький ребенок, опыта работы не было. В общем, дали мне на работе три месяца испытательного срока и сказали, что вряд ли я выдержу. Но благодаря поддержке родных я справилась, втянулась. Вскоре мне предложили перейти в следственный отдел. Я согласилась и поступила на заочное отделение

в Карагандинскую высшую школу милиции по специальности юриспруденция. То, что я уже работала, очень помогло мне в учебе», – рассказала Жанар Габдуллоевна.

Работая следователем, зачастую вела уголовные дела, связанные с несовершеннолетними. Помнит свое первое дело о разбое, совершенном группой подростков. Жанар Дошанова прикладывала все усилия, чтобы досконально разобраться в этом и последующих случаях.

И вновь поворот судьбы. *«Все дела разные, но самым важным является главенство права и закона. В 2002 году меня пригласили на работу в прокуратуру города Павлодара, в следственный отдел. Конечно, пригодились знания, полученные в предыдущие годы. Но многому я тогда научилась у старших коллег. Особо благодарна Мурату Джамбуловичу Ахметову, который был в то время прокурором города и делился своим опытом. С таким же грамотным наставником меня свела судьба в областной прокуратуре – Хамитовым Муратом Кабылжапаровичем», – говорит Дошанова.*

В областном надзорном органе Жанар Дошанова также трудилась прокурором следственного управления, осуществляя надзор за законностью досудебных расследований ДКНБ и департамента государственных доходов области.

В 2007 году возглавивший прокуратуру Павлодарской области Исаев Нурмуханбет Молдалиевич перевел Жанар Габдуллоевну на должность старшего помощника прокурора области по надзору за применением законодательства о несовершеннолетних.

«Мне было не так много лет, но, конечно, решение было принято с учетом моего опыта работы с подростками и детьми, знания законодательства. И этому направлению в новой ответственной должности я посвятила восемь лет. Старалась много времени уделить защите прав детей, профилактике преступности и суицидам среди подростков. Конечно, принимать



Ж. Доцанова с сыном Гани

волевые решения, если стоял вопрос о жизни или здоровье детей», – вспоминает героиня.

Интересной и важной старший советник юстиции Жанар Габдулловна Доцанова называет и работу по связям со средствами массовой информации, в кадровой службе областной прокуратуры и в Центре правоохранительных услуг, куда граждане могли обратиться за консультациями по самым разным вопросам. За время службы наша героиня неоднократно поощрялась медалями, почетными грамотами руководства Генеральной прокуратуры и области.

«В 2023 году по выслуге лет я ушла на заслуженный отдых. Я считаю, что люди, посвятившие себя такой работе, в душе остаются прокурорами навсегда. Но сейчас я помогаю воспитывать трех внуков и считаю должность бабушки одной из самых важных. А по моим стопам на службе уверенно идет мой сын Гани Калыбеков», – говорит Жанар Доцанова.

Гани Калыбеков свой путь к профессии начал еще в подростковом возрасте. Когда пошел учиться в специализированную кадетскую школу-интернат в городе Павлодаре. Здесь он узнал, что такое военная выучка, дисциплина и настоящая дружба. С выпускниками школы-

интерната они дружат до сих пор. Наблюдая за трудовым путем мамы, он понимал, что работа в правоохранительной системе требует не только определенных знаний, физической подготовки, принципиальности, но и полной отдачи. Далеко не всегда остается время на свои личные интересы.

Но он был уверен в собственном выборе и поступил в Карагандинскую Академию МВД РК имени Б. Бейсенова. Работал в должности следователя в территориальных отделах полиции городов Аксу и Павлодара.

А с 2018 года заступил на службу в органы прокуратуры. В настоящее время, в свои 30 с небольшим лет, является младшим советником юстиции, занимает ответственную должность начальника управления по надзору за законностью досудебного расследования и уголовного преследования.

И Жанар Доцанова, и Гани Калыбеков говорят, что ни на минуту не пожалели о выборе профессии. И самое главное – очень уважают, любят и ценят друга друга.

Аппарат прокуратуры Павлодарской области



ПРИЗВАНИЕ – ОТЕЧЕСТВУ СЛУЖИТЬ

РАИСА ГОЛОБОКОВА

ветеран органов прокуратуры

Раиса Ивановна родилась в 1950 году.

Окончив в городе Москва юридический факультет Всесоюзного юридического заочного института, начала службу в органах прокуратуры с должности стажера прокуратуры Пролетарского района Актюбинской области, затем работала помощником прокурора Актюбинского района, старшим прокурором отдела по надзору за законностью в социально-экономической сфере Актюбинской областной прокуратуры, старшим прокурором управления по надзору за законностью в социально-экономической сфере прокуратуры Актюбинской области.

С мая 2002 года назначена заместителем начальника управления по надзору за законностью судебных постановлений и исполнительного производства Актюбинской областной прокуратуры.

В связи с образованием Управления Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан по Актюбинской области, в 2003 году продолжила службу в должности начальника отдела организационно-кадровой работы и информационно-аналитической деятельности Управления, проработав в должности до самого выхода на заслуженный отдых.

За период работы в должности начальника отдела организационно-кадровой работы и информационно-аналитической деятельности Управления Голобоковой Р.И. были предприняты меры организационно-управленческого характера, что способствовало достижению положительных позитивных результатов в организации работы управления по осуществлению контрольно-надзорных функций в сфере правовой

статистики и специальных учетов.

В практической деятельности Голобокова Р. И. была энергична и инициативна, внедряла новые формы и методы, используя положительный опыт других прокуратур, постоянно совершенствуя свой стиль работы. Ею качественно были подготовлены плановые мероприятия, анализы, обобщения, проводились с выездом в районы комплексные проверки в качестве руководителя группы с привлечением специалистов района на местах.

Голобокова Р. И. имела склонности к новаторству, аналитической работе и наставничеству. В решении служебных вопросов проявляла объективность и принципиальность. Умело используя свои навыки и опыт, оказывая в составе Совета наставников молодым прокурорским работникам информационно-методическую помощь, организовывая работу по изучению сотрудниками Управления действующего и нового законодательства и прием зачетов на знание действующих норм законодательства. Принимала меры по совершенствованию профессионального мастерства, укреплению трудовой, исполнительской и нравственной дисциплины сотрудников Управления.

По инициативе Раисы Ивановны был создан методический уголок, созданный с целью оказания начинающим работникам для усовершенствования навыков работы по организации прокурорского надзора и контроля в сфере правовой статистики и специального учета, предпринимались организационные меры по внедрению и ведению делопроизводства на государственном языке и квалифицированного обучения сотрудников Управления совместно с прокуратурой облас-

ти. Организованы и проведены конкурсы государственного языка, спортивно-оздоровительные мероприятия по специальной физической подготовке сотрудников, подготовлены в соответствии предъявляемых требований организационные документы по наставничеству.

Особое внимание было уделено вопросам выполнения Имиджевой программы и взаимодействия со СМИ, в результате принятых мер эффективность выполнения Имиджевой программы в 2003-2009 годах значительно возросла, что было отмечено заместителем Генерального Прокурора – Председателем Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан и Управлению был вручен в 2004 году поощрительный приз и по итогам 2005 года положительный опыт по СМИ был распространен по территориальным органам и в 2006 году также признана положительной.

Так, по инициативе Голобоковой Р. И. были подготовлены и направлены в Комитет ряд существенных предложений по усовершенствованию работы по осуществлению контрольно-надзорной деятельности и о внесении изменений и дополнений в действующее законодательство, регулирующие вопросы в сфере правовой статистики и специальных учетов. Ею вносились существенные предложения по реализации от-



Награждение медалью, 2017 г.

раслевой Программы по вопросам взаимодействия, повышения квалификации сотрудников и внедрения технических новшеств.

За время работы в Управлении Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан по Актюбинской области Голобокова Р.И. зарекомендовала себя профессионально подготовленным, принципиальным, инициативным и исполнительным работником, активное участие в общественной жизни коллектива.

Добросовестно и творчески относилась к исполнению служебного долга, обладает хорошими орга-

низаторскими способностями, постоянно работала над повышением своего профессионального уровня и деловой квалификации.

Неоднократно была поощрена Генеральным Прокурором Республики Казахстан, награждена нагрудным знаком «Прокуратура Озаты» 1 степени, награждена нагрудным знаком «Почетный работник прокуратуры», медалями «Мінсіз қызметі үшін» 1, 2, 3 степени, Почетной грамотой Генерального Прокурора Республики Казахстан, многими другими наградами.

Голобокова Раиса Ивановна замужем 54 года за Голобоковым Петром Андреевичем, который проработал 35 лет в службе связи в телекоммуникационной компании АО «Казахтелеком». Супруг является ветераном труда и находится на заслуженном отдыхе.

Дочь Горбатенко, Галина Петровна, 34 года работает учителем русского языка и литературы в казахской государственной школе.



Р. Голобокова в кругу семьи, 2024 г.

Внук Алексей закончил Западно-Казахстанский государственный медицинский университет имени М.Оспанова и работает врачом в инсультном отделении Больницы скорой медицинской помощи. Внучка Дарья окончила казахскую государственную школу с отличием и знаком «Алтын белгі». Заканчивает 5 курс Западно-Казахстанского государственного медицинского университета имени М.Оспанова.

Ветеран органов прокуратуры Голобокова Раиса Ивановна, выйдя на заслуженный отдых, окружена заботой и любовью супруга, дочери и внуков.

Департамент Комитета по правовой статистике и специальным учетам по Актюбинской области



ЖЕНЩИНА В «НЕЖЕНСТВЕННОЙ» ПРОФЕССИИ

МАРИНА МУКАНОВА

ветеран органов по финансовому мониторингу

В 2012 году окончила с отличием Актюбинский государственный университет имени К. Жубанова по специальности «юриспруденция».

В 2021 окончила магистратуру Казахско-русского международного университета, по образовательной программе «право» с научным и педагогическим направлением.

Ее карьерный путь определил период прохождения практики в органах внутренних дел Актюбинской области.

Получив диплом, Дана Дустанова знала, кем она

хочет быть – следователем. Поэтому, как, только покинула стены высшего учебного заведения, она сдала документы в кадровую службу Департамента полиции Актюбинской области.

Прошла первоначальную профессиональную подготовку в учебном центре имени Б. Момышулы МВД РК, где наравне с мужчинами шагала по плацу, проходила огневую, боевую и физическую подготовку.

В январе 2013 года Дана Мухановна назначена в Управление внутренних дел г. Актобе на должность следователя.

Большое количество уголовных дел в производстве, ежедневная работа с особым контингентом лиц, дежурства, тревоги, усиления не сломили эту юную девушку.

Благодаря своей целеустремленности, хваткости, трудолюбию, грамотности, компетентности, за короткое время она добилась успехов на работе. Она не боялась браться за самые сложные уголовные дела, связанные с изнасилованием несовершеннолетних, сбытом наркотических средств, групповых разбойных нападений, а также по делам о мошенничестве.

В итоге спустя год она была отмечена и признана лучшей среди молодых сотрудников органов внутренних дел по Актюбинской области.

Опыт, приобретенный в органах внутренних дел, дал возможность Данае Мухановне попробовать себя на другом поприще.

Так, в 2015 году начался профессиональный путь Даны Дустановой в органах прокуратуры.

Будучи следователем, она соответственно выбрала направление надзора за законностью досудебного расследования и уголовного преследования.

Ее путь в органах прокуратуры был последовате-



Д. Дустанова с сыном

лен. Она работала в районной, городской, а затем и областной прокуратуре.

Так, в январе 2015 года Дану Дустанову назначили на должность старшего прокурора Мартукской районной прокуратуры Актюбинской области.

Добившись хороших результатов в работе, была переведена в 2019 году в прокуратуру города Актобе на должность прокурора отдела по надзору за законностью досудебной стадии уголовного процесса и оперативно-розыскной деятельности, а затем в прокуратуру Актюбинской области.

С 2019 года по настоящее время она является сотрудником прокуратуры Актюбинской области.

В областной прокуратуре долгое время Дана Мухановна работала в Управлении за законностью досудебного расследования и уголовного преследования, где занимала различные должности, начиная от прокурора Управления до заместителя начальника Управления.

Ее способность объединять коллектив, четко планировать каждое действие сотрудников, координировать их работу и осуществлять контроль над вы-

полнением поставленных задач, а также наличие таких качеств, как профессионализм, компетентность, открытость, гибкость, дисциплинированность, организованность, терпение, лидерство позволили ей в течение двух лет занимать руководящую должность в одном из самых сложных и объёмных направлений надзора в органах прокуратуры.

Но в душе Дана Мухановна все равно является следователем, тому подтверждение ее перевод в начале 2023 года в Управление специальных прокуроров прокуратуры Актюбинской области, где по статистике около 90% по Республике работают только мужчины.

Несмотря на то, что указанную должность она занимает более года, ею качественно завершены расследования всех дел о пытках, которые с 2023 года расследуют прокуроры.

В настоящее время в производстве находится резонансное уголовное дело по факту недоброкачественного строительства жилых домов в г.Актобе, в рамках которого приняты меры в защиту интересов, как государства, так и 48 жильцов. Дело направлено в суд.

Дана Дустанова полагает, что ее путь в новом направлении деятельности будет успешным и все поставленные перед ней задачи будут выполнены.

За время работы в органах прокуратуры у Даны Мухановны получилось проявить себя компетентным и профессиональным сотрудником, служебные обязанности исполняет качественно и своевременно, нарушений трудовой и исполнительской дисциплины не допускает.

В коллективе пользуется авторитетом и уважением. Активно участвует и в общественной жизни коллектива.

Имеет ведомственные награды и поощрения в виде объявления благодарностей, грамот от Генерального Прокурора, обладательница нагрудного знака «Прокуратура ұздігі» и ведомственных медалей «30 лет прокуратуре Республике Казахстан» и «Мінсіз қызмет үшін III дәрежедегі».

Она достаточно умело совмещает семейную жизнь и карьеру. Дана Дустанова является прекрасной мамой, воспитывает сына.

При этом она находит время и для себя лично. Активно занимается спортом, любит чтение, предпочитает культурный отдых.

Ее девиз, как и на профессиональном поприще, так и в жизни один: «Делай то, что нравится – и в твоей жизни не будет ни одного рабочего дня».

**Управление досудебного
расследования прокуратуры
Актюбинской области**



«МЕН ӨМІРДЕ ЕҢБЕК ЖОЛЫМДЫ ТАҢДАУДАН ҚАТЕЛЕСПЕДІМ»

САНДУҒАШ САҚЫПБЕКОВА,

Жамбыл облысы прокурорының аға көмекшісі – Қадрлық жұмыс тобының басшысы, әділет кеңесшісі, I дәрежелі «Прокуратура үздігі».

«Адам туған жердің топырағына тартып туады» демекші, мен туып-өскен Сарысудан шыққан тұлғалардың біразы қиындыққа төтеп өскен қайсар жандар.

Әрідегіні қозғасам, елмен елді елдестірген, шешендігімен жұртқа танылған, жастайынан ел басқару ісіне араласқан, өмір жолы тарихқа бедерленіп жазылған, қазақтың шоқтығы биік тұлғасы Шоқай датқаның ерлік істерін естіп өстім. Одан кейін Асанәлі Әшімов, Маралтай Райымбекұлы, Сәуле Жанпейісованың тағылымға толы өнер мен өмір жолындағылардан өнеге ала білдім. Осы өлкенің тумасы, мақтанышы Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары және Бас көлік прокуроры болған генерал Болат Сембин ағамыздың да өмірбаяны үлгі тұтарлық.

Сарысудың табиғаты бөлек, қысы қытымыр, жазында қоңыржай күндер аз болғанына қарамастан, ерекше мекен ғой. Кезінде Илья Жақанов ағамыздың «Жайлаукөл кештері» деген әнін тыңдап, Сарысуға ағылған жастардың бұл өлкені көргенінде таңғалғанын жазды ғой жарысып. Міне, осы жерде туып-өскен адамның қайсар, табанды болмасқа басқа амалы жоқ.

Кеңестік кезеңнің білім беру жүйесін көрдім. 1984 жылы дүниеге келгендер екі тарихи кезеңнің тәрбиесін қатар бойға сіңіріп өскендер ғой. Туған күнім – 19 ақпанда. Қыс кезінде өмір есігін ашқаным, болашақ мамандығыма

дайындық жолы секілді көрінеді кейде. Әкем Жұмабек Бегалыұлы Сақыпбеков Қазақстан Республикасының бюджет бойынша үздік экономисті, аудандық қаржы бөлімінің басшысы және совхоз директоры болып қызмет етті. Ол шақта «басшының», «мектеп директоры», «мұғалімнің қызы» деген – бір жазылмаған заңдылықтар шеңберінен шықпайтын, басқаға үлгі ретінде көрсететіндей болуы тиіс көрінетін.

Әкем қызмет басты адамы болғандықтан, менің және бауырларымның тәрбиесімен негізінен әжем мен әкемнің қарындасы Гүлнар айналысты.

Әжемнің тәлім-тәрбиесі өз алды бір академия. Ол кісі көп жылдар ұстаздық еткен Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері, математик Күлбағдат Бимендеқызы Абильдина. Ақмола өңіріндегі болыстың бір түйір жалғыз қызы болған.

Сабақты жақсы оқыдым. Үздік болмауға құқықым да жоқ еді. Үйге берілген тапсырманы қашан түсініп, оқып, орындап бітпейінше, ұйқының ауылы алыс. Тәртіп сондай.

Бес жасымда мектептің табалдырығын атап, 2000 жылы орта мектепті үздік бітірдім. Мәселе мамандық таңдауға келгенде, талапшыл отбасымның көзқарастарымен санасуға тура келді. Өзім дәрігер болсам деп ойлап жүретінмін. Алайда әкем «тәрбиелеген анаңның пікірін сұра, таңдауыңды сосын жаса!» – деп



Атам мен әжем

ақыл қосты. Бағып-қағып өсірген әкемнің қарындасы заң саласының маманы болғанымды қалайтынын айтты.

Көп ойландым, Тараз қаласында медициналық колледжде оқымасаң, дәрігерлік жоғары білім алу үшін басқа қалаға кетуге тура келеді. Ал жақындарым мені жыраққа жібергілері келмеді. Сонымен М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің заң факультетіне құжат тапсырдым.

Құқықтану мамандығы бойынша үздік диплом алып, сол университеттің магистратурасына оқуға түстім. Оны академиялық дәрежесі бар үздік дипломмен бітірдім. Студенттік жылдардың өмір белесімде қалдырған естелігі көп.

Рас, бірден прокурор болғаным жоқ. 2004 жылдан 2007 жылға дейін еңбек жолымды орта арнаулы, жоғары оқу орындарында оқытушы қызметінен бастап, алғашқы тәжірибемді жинадым. Жамбыл заң, Тараз-Ғасыр колледждерінде және өңірдегі жоғары оқу орындарында да құқықтық пәндерден дәріс бердім. Жастарға салалық білім бергенімнің өзі – мен үшін таптырмас өмір тәжірибесі еді. Кейде студенттер практикаға қатысты күтпеген сауалдарын жаудыратын. Іс-тәжірибе жөніндегі сұрақтарына жауап таппай дағдарып қалған кезім де болатын. Сол кезде практиканың қажеттігін түсіндім. Бірақ мен үшін жаңа ізденіс жолы болды.

Ал 2009 жылдың 29 желтоқсанынан бастап прокуратура саласында қызмет етіп келемін. Сарысу ауданы прокурорының көмекшісі, облыс прокуратурасының басқарма прокуроры



Әкем мен анам

және аға прокуроры, облыс прокурорының көмекшісі қызметтері – мен үшін өсу, тәжірибе баспалдақтары болды. 2023 жылдың 25 қаңтар айынан бастап 2024 жылдың 17 қаңтарына дейін облыс прокуратурасы Аппаратының жолданымдармен жұмыс және іс жүргізу тобында облыс прокурорының аға көмекшісі қызметін атқардым.

Құқықтық салада жемісті қызмет етуімнің артында ұстаздарым да тұр десем болады. Зауре Қаратайқызы, Сабира Әділбекқызы, Раушан Нұртайқызы, Света Сайлауқызы, Гаухар Мейірханқызынан үйренгендерім көп.

Қазіргі таңда облыс прокуроры Нұрғалым Мәжитұлының Жамбыл облысы прокуратурасын салиқалы басқаруының арқасында кадрлық жұмыс тобының басшысы қызметін атқарып келемін.

Жалпы «прокурор» дегенде көз алдыңа талапшыл, артық сөзі жоқ, қатал жанды елестетесің ғой. Жұмыстың міндет-жауапкершілігі қатал болуға үйрететініне өзімнің еңбек жолымда көз жеткіздім. Жоғарыда атап өткенімдей, отбасындағы қатаң тәрбиенің өзі мені болашақ құқық саласының маманы етіп өмірге дайындаған екен.

Тәлімгерлердің тәжірибе жолына қарап, еңбектегі түрлі жағдайлардан өте келе прокурор өз бойына тапқырлық, батылдық, еркіндік секілді қасиеттерді қалыптастыруы керек деп ой түйдім. Менің қателесуге, арқаны кеңге салып, еркелеп жүруге құқығым да, уақытым да болмады. Прокурордың қателігі адамға өте қымбат.

Прокурор мамандығының мәні неде екенін уақыт өте терең түсіндім. Жалпы өмірдің қай кезеңінде де айыптаушы және қорғаушы тарап болады емес пе?! Тіпті адамзат баласы жер бетінде жаралғалы бар десем, артық айтпаймын. Есім ханның ескі жолы, Қасым ханның қасқа жолы, Әз Тәукенің «Жеті Жарғысы» кезінен-ақ бүгінгі прокурорлар



Жамбыл облысының прокуроры Н.М. Әбдіровтің ортасында

секілді әділет орнатушылар болды. Прокурор мамандығы заңгерлер, нотариустар, саясаттанушылар сияқты басқа кәсіптерден де жауапты сала. Өйткені алдыңда өндірістік іс емес, адам тағдыры тұрады. Әділ болуға міндеттісің. Прокурор тек теорияны ғана емес, сонымен қатар тәжірибе жинақтаған жауапты маман болуы керек. Олар соттардың істерді қарауына, заң шығармашылығына қатысуы, сот шешімдерінің, әртүрлі органдар шығарған актілердің заңдылығын қарау, Қазақстан Республикасының заңдарының орындалуын жоғары қадағалауы керек.

Еңбек жолымда азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғай отырып, еліміздегі құқықтық жүйенің да-

муына өз үлесімді қосып келе жатырмын. Бас прокуратураның тапсырмаларын ескертусіз орындап жүргенім – алған білімім мен жиған тәжірибемнің жемісі. Өз міндетімді адал атқару үшін тұрғындармен кері байланысты орнату мақсатында «Сенім маршруты» акциясын және «Азаматтарды қабылдау бірыңғай күні» шараларын тиісті деңгейде ұйымдастырып, тұрақты түрде өткіздім.

Қызметпен бірге спорттық және қоғамдық жұмыстарды да қатар ала жүріп, әртүрлі республикалық ведомстволық сайыстарда жүлделі орындарды иелендім.

Бір мысал, 2015 жылы «Жеңіске 70 жыл» атты прокуратура қызметкерлері арасындағы республикалық конкурста Кеңес-Фин және Ұлы Отан соғыстарына қатысқан ардагер, 2-топтағы соғыс мүгедегі (7 мәрте жараланған және 3 мәрте контузия алған майдангер), бірнеше мектептердің директоры болған, «қазақ тілі мен әдебиетінің» маманы, өзімнің туған атам Бегалы Сақыпбеков туралы жазған «Менің Батыр атам!» деген тақырыптық жұмысым 1-орынды алды.

Осы салаға қызметке келген жылдарда «Прокурор – ердің ісі» деп ойлағанмын. Тіпті әкеме: «Неге мені осы мамандықты таңдауға кеңес бердіңіздер?» – дегенмін. Сонда әкем: «Сенің қолыңнан келеді. Сен мықтысың! Салаға аяқ басыпсың, енді алған бетіңнен қайтпа!» – деген. Сол кезде прокуратурада тек мықты адам жұмыс істей алатынын түсіндім. Тұрмыс құрып, перзент сүйіп, Фатиха атты қыз тәрбиелеп отырмын. Жолдасым Ержігіт те құқық қорғау органдарында қызмет етеді.

Құқық қорғау органдарында қызмет етіп келе жатқанымда 15 жылға аяқ басты. Еңбек жолымда қиындық кездессе де, кедергілер шықса да, табандылығымнан танбадым. Бастысы Ата Заңды құрметтеп, заңға бағынып өмір сүріп келемін. Мамандығыма адалмын. Ширек ғасырды артқа тастағанда өзімнің дұрыс таңдау жасағанымды түсіндім. Өйткені прокуратура мемлекеттік органдар жүйесіндегі ең маңызды қызмет және құқық қорғау органдарының ұйытқысы. Прокуратура – кез келген азамат өз құқығын қорғау үшін жүгіне алатын басты орган!



ӘДІЛДІКТІҢ ЖАРШЫСЫ – ИЛИЯ!

ИЛИЯ ҚУДАЙБЕРГЕНОВА

Жаңаөзен қаласы прокуратурасының аға
прокуроры, 2-сыныпты заңгер

Кең тарапқа созылған дана далада бес қаруы белінде жүрсе де, тек қас дұшпанына ғана кезеп, бір-біріне кеткен есесі мен өкпесін, ақ пен қараны ажыратар ауылдың ағасы мен әулеттің үлкенінен бітім сұраған, оған көнбесе елдік дауды шешер «тура биде туған жоқты» ұстанған әділ би алдына жүгінер қазақ ұрпағы үшін әділдік басты мұрат болды. Ал, би болса, әділ әрі таза шешім шығарып, кесім кесіп, қара қылды қақ жаратын. Бұл – біздің дала мәдениетіміз, өркениетіміз бен болмысымыз.

Сан ғасырлардан бері жалғасқан билер жүйесін қалыптастырған «Қасым ханның қасқа жолы» Әз Тәуке «Жеті жарғысымен» жаңарып, өз заманына лайықталып қайта жазылды емес пе? Міне, сол секілді бүгінгі құқық қорғау мәселесі де уақыт өткен сайын ашықтығымен, ыңғайлылығымен, тиімділігі және жетілгендігімен сол жүйені қайталап келе жатқандай.

Міне, бүгінгі таңда әділдікті ғана жалау еткен құқықтық орган, ол – прокуратура. Мемлекет атынан заңнама мен құқықтарды, сонымен қатар адамның және азаматтың еркіндіктерін қадағалап бақылайтын құқық қорғау органы. Ал прокурор – жедел-ізвестіру қызметін, анықтаудың, тергеудің және сот шешімдерінің заңдылығын қадағалауды, сондай-ақ қылмыстық процестің барлық сатыларында қылмыстық ізге түсуді өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын лауазымды тұлға. Прокурор кім деген сұраққа Телфорд Тэйлер жауап беріп: «Прокурор айыпталушыға немесе оның іс-әрекеті үшін мүліктік жауаптылықта болатын тұлғаға: біріншіден, өзінің дәріменсіз күйіне, айыпталушыға тәуелді болуына немесе өзге де себептер бойынша талап қою және оны қорғау құқығын өз бетінше пайдалануға қабілеті жоқ жәбірленушінің, екіншіден, мемлекеттің мүдделерін қорғап талап қоюға құқылы. Прокурор өзінің іс жүргізушілік өкілеттігін жүзеге асыруы кезінде тәуелсіз болады және заңға ғана бағынады», — деп, прокурордың атқаратын қызметі жайлы нақты ақпарат береді. Жалпы прокуратура қызметінің тарихы да тереңде жатыр. Бағзыдан дала

заңынан тін тартқан құқықтық қадағалау бүгінде арнайы қызмет түрінде.

Осы сала қызметінде еңбек етіп жүрген азаматтарымызбен қатар нәзік жанды қыздарымыздың да еселі еңбегі бар. Сондай ізгі жандардың бірі, әділдіктің жаршысы бола білген абзал жан – **Құдайбергенова Илия Жұмағалиқызы**.

Маңғаз Маңғыстау мекенінде дүниеге келген атақты жандар, ел азаматтары қаншама! Халық игілігі үшін қызмет ететін бетке ұстар азаматтарымызбен киелі Маңғыстау өлкесі ғана емес, бүкіл Қазақ жұрты мақтанады.

Біздің бүгінгі кейіпкеріміз Илия да 1982 жылдың мамыражай мамыр айында Жаңаөзен қаласына қарасты Теңге кентінде қарапайым отбасында дүниеге келеді. Бақыт пен қуанышқа толы жанұяда бойжеткен Илияның әкесі – жүргізуші, анасы – есепші болып қызмет етті. Отбасындағы бес баланың кенжесі Илияның орны бөлек еді. Қаршадайынан ақылды, әрі еңбекқор, шыншыл бала болып өсті. Ойын еркін жеткізе білетін, үнемі әділдікті жақтайтын Илия өскенде ел тыныштығын, халықтың қауіпсіз өмір сүруін қадағалайтын заң саласының қызметкері болуды армандайды. Және сол мақсатына жету үшін мектеп қабырғасында оқу барысында құқықтану, география, тарих пәндеріне ерекше қызығатын.

1989-1999 жылдар аралығында Жаңаөзен қаласындағы №5 орта мектепте білім алады. Мектеп қабырғасында алған білімі оның жақсы мамандық иесі болуына үлкен ықпал етті деуге болады. 1999 жылы жас түлек

арман қуып, Алматы қаласына бет алады. Шағын ғана қалада туып-өскен қайсар қыз еш іркілместен, алып мегаполис Алматыны бағындыруға бел буады. Осындағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Құқықтану» факультетіне құжатын тапсырады. Көп ұзамай, бағы жанып университетке оқуға қабылданады. 2003 жылы «Құқықтану» мамандығын үздік аяқтап, дипломын қолына алады. Өзіне таудай талап қоя білген Илия білім кеңістігінде тағы да бақ сынап көруді көздейді. Университетті бітірген жылы Алматыдағы Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетіне сырттай бөлімге құжаттарын тапсырады. «Инженер» мамандығын игерген Илия аталмыш білім ордасын да үздік дипломмен аяқтайды.

Бақыттың кілті – жанұяда екендігін есінен шығармаған Илия 2005 жылы тұрмысқа шығады. Нұртаза Масабаев есімді азаматтың ақ адал жары атанған ару қызметпен қатар, отбасының тыныштығы мен жайлылығын бірге алып жүруге іштей өзіне уәде береді. Шаңырақтың шайқалмай, бақытты ғұмыр кешудің сырын көпшілікке үлгі ретінде көрсете білген Илия мен Нұртаза бүгінде алты баланың ата-анасы. Көп балалы ана «Күміс алқа» иегері.

Илия Жұмағалиқызы 2007 жылы Маңғыстау облысы Жаңаөзен қалалық прокуратурасына прокурор ретінде қызметке орналасады. Жас маман болғандықтан, көп тәжірибе жинақтайды. Қоғам өмірінің барлық саласында заңдылықтың сақталуын қадағалайтын прокуратура органдарының рөлі айрықша. Мемлекетіміздің құқық қорғау жүйесінің ұйытқысы болып табылатын прокуратураның бар күш-жігері заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, мемлекет мүддесін қорғауға бағытталған. Міне, осындай қиын қызметте Илия әріптестерімен тез тіл табысып, қызмет барысында оң қырынан көзге түседі.

2021 жылы жинақтаған тәжірибесінің арқасында Жаңаөзен қалалық прокуратурасының аға прокуроры қызметіне тағайындалады. Сот ісін орындау барысында прокурор түрлі оқиғалармен бетпе-бет келеді. Сондай кезде екі жақтың да пікірін тыңдап, әділ шешім шығара білу де өте маңызды. Өйткені таразы басында Қазақстан азаматының өмірі, болашағы тұрады. Прокурорлық қызметті атқара білу үшін ең алдымен тайсалмайтын қайсарлық, ұтымды шешім қабылдай білетін батылдық, тапқырлық қасиеттер басым болуы шарт. Біздің кейіпкеріміз Илияның бойында осындай адамгершілік қасиеттер басым. Қарқынды әрі табанды еңбектенуінің нәтижесінде «Прокуратура үздігі», «Мінсіз қызметі үшін III», «Мінсіз қызметі үшін II» медальдарымен марапатталды. Сонымен қатар Маңғыстау облысы прокуроры мен әкімінің, Жаңаөзен қаласы әкімінің бірнеше «Алғыс хатымен» наградталды. Тәжірибелі маман иесі ретінде былтыр ғана «Жыл адамы» атағына лайықты деп танылып, әріптестері арасында үлкен мәртебеге ие болды.



«Жыл адамы – 2023» номинациясын алған сәті

Әрбір белесті бағындырған жанның артында әкесі мен анасының, жанұясының, туған-туысының қолдауы ерекше демеу беретіні анық. Қаршадай қыз Илияның туа бітті бойындағы қайсар мінезін бала күнінен байқаған Жұмағали әкесі батасын беріп, арманының мақсатқа айналуына септігін тигізе білді. Жауапты және қауіпті мамандықты таңдай білген қызына сенім білдіріп, биік белестерді бағындыратын әділ азаматша болатынына көзі сол кезден-ақ жетсе керек. *«Менің осы салаға келіп, прокурор қызметін алаңсыз атқаруыма әуелі Алла, одан кейін ата-анамның тигізген еңбегі зор. Әсіресе, марқұм әкемнің демеу болып, әр қадамыма сенім білдіруі менің биікке ұмтылуыма, жақсы азаматша ретінде қалыптасуыма жол ашты»,* – дейді Илия.

Еліміздің еңсесін тік ұстайтын Илия сынды батыл да, ержүрек азаматтар көп болсын. Тыныштық пен бейбіт өмірдегі заңдылықты қадағалайтын прокуратура қызметкерлерінің жұмысы өте ауыр және жауапты екені жасырын емес. Осындай шым-шытырыққа толы қызметтік жолда Илияға тек толағай табыс тілеп, биік шыңдарды бағындыра бер демекпіз!

Гүлназ Бөлекбаева,
ҚР Журналистер одағының мүшесі,
ҚР Ақпарат саласының үздігі



ЕҢБЕГІМЕН ЕЛЕНГЕН АЯУЛЫ ЖАН!

НАЗИРА ҚАСЫМЖАНОВА

*Ұйғыр ауданы прокуратурасының
іс жүргізу жөніндегі инспекторы*

Әйел азаматтар тек отбасы төңірегінде ғана емес, сонымен қатар өмірдің түрлі саласында іскерлік танытып жүр. Прокуратура органдарының жүйесінде де нағыз кәсіпқой, еңбекқор әйелдер аз емес.

Осы орайда, еліміздегі заңдылықты нығайту мен азаматтардың құқықтарын қорғау саласында прокуратура жүйесінде қажырлы еңбегімен, зор жетістіктерімен ерекшеленген әйел қызметкері Қасымжанова Назира Қасенханқызы туралы айтсақ.

Назира Қасенханқызы 1966 жылы мамырдың 16-сы Алматы облысы Ұйғыр ауданының Шонжы ауылында қазақ отбасында дүниеге келген. 1996-2001 жылдары Талдықорған заң институтын құқықтану мамандығы бойынша тәмамдап, жоғары білім алған.

Еңбек жолын 1985 жылы Ұйғыр ауданының «Ленин Коммунистік Жастар Одағында» статист қызметінен бастап, әр салада заңгер, инспектор, кеңсе меңгерушісі қызметтерін атқарған. 2012 жылдан бүгінгі күнге дейін Ұйғыр ауданының прокуратурасында іс жүргізу инспекторы қызметін атқаруда.

Ел кәдірін, жер қасиетін білгің келсе, алдымен оның өткен жолын біл, ауылыңның тарихын таны. Әрбір ұрпақ өкілдерімен тілдес. Өз ойыңды солардың жүріп өткен еңбек жолдарымен сарапта. Сонда ғана барып сол әрбір адамның қадір-қасиетін түсінесің, өйткені тарих өмір өрнектерінен құрылады емеспе?!

Міне, өзінің әкесі ауданның ардақты, құрметті азаматы болған, ауданда көптеген жылдар мекеме басшысы болған, көп жылдар бойы аудандық Кеңестің, аудандық мәслихаттың депутаты болған әкесі Қасымжанов Қасенхан мен анасы Жұмаділова Мейрамханнан тәрбие алған Назира Қасенханқызы, Ұйғыр аудандық прокуратурасында 1992 жылдан бастап отыз жылдан аса уақыт аудан прокуратурасында кеңсе меңгерушісі қызметінде, 2012 жылдан прокуратура іс жүргізу инспекторы қызметінде бүгінгі күнге дейін жұмыс атқарып келеді.

Ол өз жұмысында көптеген прокурорлармен (Дос-

болдинов Төлеген Досболдинович, 1990-1994 жылдары Самамбетов Естай Қайрбекович, 1994-1997 жылдары Калякберов Талап Касенович, 1997-1998 жылдары Насыров Тұрған Каблаханович, 1998-1999 жылдары Курманғалиев Болат Салимович, 1999-2002 жылдары Ахбанбет Боранали Ахбанбетович, 2002-2005 жылдары Әділбеков Әбдіберік Баймұханбетұлы, 2005-2009 жылдары Саитбеков Абдумәлік Райевич, 2009-2012 жылдары Серикбаев Еркенғали Каримович, 2012-2016 жылдары Құтелов Шәміл Советұлы, 2016-2022 жылдары Омаров Арман Найманбайұлы), бірге жұмыста қызметтес болып, олардан көптеген жұмыстар үйреніп, тәрбие алған.

2022 жылдың сәуір айынан бастап бүгінгі күні аудан прокуроры Кибраев Бауыржан Маратбековичпен жұмыс жасап отыр.

Н.Қасымжанова 1993 және 1996 жылдары Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Кадрлар біліктілігін арттыру институтының білім және мамандық жоғарылату курсына екі рет өтіп, емтиханды өте жақсы бағамен тапсырып, тиісті куәлігін алған.

Н.Қасымжанова осы жұмыс уақыт ішінде өзінің прокуратура органында іс жүргізудің мәні мен мазмұнын терең түсіне білетін, тапсырылған жұмыстарды тиісті деңгейде ұйымдастырып орындайтын, кәсіби шеберлігін ұдайы жетілдіріп отыратын маман ретінде көрсете білді.

Сонымен қатар өз жұмысының жоғары дәрежеде орындау нәтижесінде Алматы облыстық әкімдігінің қолдауымен «Алматы облысының әкімдігі Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасымен», рухани жаңғырту бағдарламасы бойынша облыс көлемінде мемлекеттік мекемелер арасында ұйымдастырылған «Ведомстволық архивте құжаттардың қабылдануын, сақталуын және пайдалануын» бойынша Алматы облысы бойынша өткізілген байқауына қатысып, Н. Қасымжанова байқаудағы талаптарға сәйкес өз жұмысын жоғары деңгейде көрсете білді.

«Үздік ведомстволық архив» байқауының нәти-

жесінде құқық қорғау органдары арасынан Н.Қасымжанованың еңбегі арқасында Алматы облысы бойынша Ұйғыр аудандық прокуратурасы 1-орынға ие болып, «Үздік ведомстволық архиві» грамотасымен және сыйлықтармен марапатталды.

Н.Қасымжанованың өз еңбектері арқасында алған жетістіктері:

Алматы облысы прокурорының бұйрықтарымен еңбек кітапшасына енгізу жолымен көптеген алғыстар жарияланды, сондай-ақ өз саласындағы елеулі еңбегі үшін 2020 және 2023 жылдары Алматы облыс прокурорынан «Құрмет грамотасымен» марапатталған.



Облыс әкімінің салтанатты құттықтауы

Сонымен бірге бірнеше рет аудан әкімінен «алғыс хатпен» марапатталған.

Өз еңбектері үшін 2023 жылдың 8-наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне орай Алматы облысы көлемінде ұйымдастырылып, өткізілген мерекелік іс-шараға Ұйғыр ауданы әкімдігі тарапынан ауданнан Н.Қасымжанова жіберіліп, Алматы облыс әкімінің құттықтауында болып мерекелік сыйлықтарын алды.

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде және іс жүргізу саласында қосқан үлестерін, өз қызмет міндеттерін үлгілі орындағандығын ескеріп, Прокуратура күнін атап өтуге байланысты «Қазақстан Республикасының прокуратурасына 30 жыл» мерекесіне байланысты және айрықша 25 жылдан аса үздік еңбек еткен, еңбек үшін прокуратура іс жүргізушісі Н.Қ. Қасымжанова Қазақстан Республикасы Бас Прокурорынан аталған мейрамына орай мерекелік медальмен марапатталды.

Жұмыс барысында өз ісін жетік білетін орындаушы, талап қойғыш және сауатты, білімді қызметкер.

Өз жұмысына ұқыпты, тиянақты, жоғары дәрежеде, қатаң тәртіппен қарайды, ұжымда сыйлы, абыройлы. Қоғамдық жұмыстарға белсене қатысады. Азаматтармен және ұжыммен жұмыс бойынша араласуда мәдениетті және әдепті.

Н.Қ. Қасымжанова өте сабырлы, бір тоға, сырт келбетіндей ішкі жан дүниесі де өте сұлу жан. Бұл өмірде жақсы келін, жақсы ене, жақсы жар, жақсы ана. Әр кезде өз орнын білетін, кішіпейіл, сыпайы, қарапайым, биязы мінезді жаны таза адам.



Н. Қасымжанова отбасы мүшелерімен

Бүгінгі күні Назира Қасенханқызы жолдасы Серік Джумақанұлымен отбасында екі ұл мен бір қызды тәрбиелеп өсірген бақытты ана, 3 немересін бағып отырған аяулы әже. Серік Джумақанұлы өзінің «Сердана сервис» ЖШС-ін үлкен ұлы Даниярмен жүргізеді, кіші ұлы Дархан Ж.Құдайбергенов атындағы №2 мектептің денешынықтыру мұғалімі болса, кенже қызы Дамина Алматы қаласында «Қыздар педагогикалық университетінің» ағылшын пәнінің мамандығы бойынша 1-курс студенті, ал келіні Мақпал немерелерімен үй шаруасында.

Қасымжанова Назира Қасенханқызы ұжымдағы жастарға үлгі, жастарды жұмысқа үйретуде көп еңбек етуде. Жүрген ортасында, өскен ауылында өте сыйлы, құрметті жан, ауданда үлгілі отбасы.

Алматы облысының прокуратурасы



МЕНИҢ ЕҢБЕК ЖОЛДАРЫМ

ЖӘМИЛА АЙМАҒАМБЕТОВА,

*Қарағанды қаласы Қазыбек би атындағы
аудандық прокуратурасының бас
маманы*

*«Театрдың жұмысы ілгіштен басталса,
прокуратураның жұмысы кеңседен басталады».*

Еңбек жолымды 1989 жылы Кеңес одағы дәуіріндегі Қарағанды облыстық прокуратурасында кеңсе инспекторынан бастадым.

Кейіннен жұмыста көрсеткен жетістіктерім үшін мені аға инспектор, одан соң облыстық прокуратураның бас маманы болып тағайындады.

Прокуратураның кеңсесіндегі жұмыс толық қағаз жүйесінде жүргізілетін, келіп түскен әрбір арыз-шағымдар мен кіріс құжаттарына сілтемелік кәртішкелер қолмен толтырылып, бірінші басшылар танысқан соң, орындаушыларға тіркеу журналдарына қол-қойғызу арқылы жеткізілетін. Ол құжаттардың белгіленген мерзімінде орындалуы, кеңсе қызметкерлерінің орындаушыға уақытында тапсыруына байланысты болатын. Екі түрлі картотека жүргізетінбіз, арыз-шағымдарды тіркеуге арналған алфавиттік картотека, ал Бас прокуратурадан және мемлекеттік мекемелерден түскен хат-құжаттар ведомстволық картотекада тіркелетін. Оған қоса, басшылармен бақылауға алынған әрбір құжатқа бақылау кәртішкелерін толтырамын, сол бойынша прокурордың көмекшілері уақытында жауап беретін.

Мен сол кезде орындалған құжаттар бойынша хат-жауаптарды Кеңес одағының Бас прокуратурасы Мәскеу қаласына және басқа да одақтас елдердің қалаларына пошта арқылы жіберіп отырдым.

Хат-хабардың көп болуына прокуратурада тергеушілердің болғандығы себеп болды деп ойлай-

мын, әрбір тергелген қылмыстық іс бойынша нұсқаулар, жеке тапсырмалар басқа мемлекеттерге де жеке конвертке салынып жіберілетін.

Мақтанып айтатын жағдай, сол кездегі жұмыс атқарған қызметкерлердің жауапкершілігінің арқасында, барлық тапсырмалар уақытында орындалып, азаматтардың арыз-шағымдары өз мерзімінде қарастырылатын, арыз-шағымдарға берілген жауаптар мезгілінде пошта арқылы жеткізіліп отыратын.

Кейін, еліміз Егемендік алған соң, іс қағаздарын жүргізу жұмысына Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бұйрығымен арнайы Ереже енгізіліп, құжаттар айналымы жартылай электрондық түрде жүргізіле бастады.

Әлі есімде, 1992 жылы прокуратураға әкелінген ең бірінші компьютерді кеңсеге табыстап, маған жүктегені, алфавиттік және ведомстволық картотеканы сол кезден бастап электронды түрде жүргізе бастадық. Ол да мен үшін бір мықты жауапкершілік болды, электронды түрде тіркегенмен қоймай, қосымша жазбаша түрде де сілтемелік кәртішкелер мен журналдарды толтырып, орындаушыларға қол қою арқылы жеткізіп отырдық. Орындалған құжаттарды қолмен жазу арқылы кәртішкелерге белгілеп уақытында басшыларға күнделікті тізім жасап отырдық. Одан кейін біртіндеп, қызмет бабында пайдаланатын техникалар алына бастады, факсимильдік байланыс арқылы барлық мекемелермен хат алмасып отырдық.

Бүгінгі күнде прокуратура органдарында іс-қағаздарын жүргізу жеңілдетілген, 2012 жылдан бастап құжаттар айналымы, қылмыстық істерді тіркеуден басқа толықтай электронды түрде жүргізіледі. Бұл жұмыстың да өзінің бір ерекшелігі бар, барлық мемлекеттік мекемелерден құжаттың прокуратураға келіп түскен күні, орындалуы туралы мәлімет толықтай Қадағалау АЖ-де көрсетіліп тұрады. Жеке және заңды тұлғалардың арызшағымдары электронды түрде түссе, оларға электронды түрде жауап беріледі.

Міне, мен екі дәуірдегі прокуратура саласының, оның ішінде өзім атқарып отырған кеңсенің жұмыстарындағы ауыртпалықты жүрегіммен сезініп өттім, өмірдің барлық ащы-тұщысын татып, өзіме құнды тәжірибе жинадым.

Қазіргі кезде Қарағанды қаласының Қазыбек би атындағы аудан прокуратурасының бас маманы лауазымында жұмыс атқарып жатырмын.



Марапаттау рәсімі

Мемлекет пен қоғамға деген және прокуратура саласындағы заңдылықты және құқықтық тәртіпті нығайту жолындағы жетістіктерім үшін, прокуратура органдарының тарихы мен дәстүрлерін қалыптастыруға, заңгерлердің жас буынын тәрбиелеуге қосқан үлесім үшін Қазақстан Республикасы Бас Про-

курорының бұйрығымен «Елеулі еңбегі үшін», «Қазақстан Республикасының прокуратурасына 20 жыл» медальдарымен, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 30 жыл» медалімен, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының «Алғыс хатымен» және облыс прокурорының «Құрмет грамотасымен» марапатталдым.

Осы жеткен жетістіктерім үшін маған тәлімгерлік тәрбие беріп, әрдайым ісіңе мұқият бол деп ақылдарын айтқан басшыларыма, прокуратура органдарының майталмандары, оның ішінде Қарағанды облысында қызмет атқарған Ғ.Қ. Өтебаев, С.С. Үмбеталиев, И.К. Ким, И.Д. Меркель, С.Қ. Қасымжанов, Е.С. Мерзадинов, Е.А. Кененбаев, А.А. Секишевтерді аса құрметпен еске ала отырып, алғысымды білдіргім келеді.



Марапаттау рәсімінен



МАҚТАУЛЫ МАМАН

СВЕТЛАНА ЕРМАКОВА

*Сайрам ауданы прокуратурасының
бас маманы*

Оның арманы балалық шақтан басталған еді. Сол даңғыл жол әлі де биікке жетелеп келеді. Бүгінгі әңгімеміз 2023 жылы «Үздік мемлекеттік қызметші» төсбелгісімен наградалған **Ермакова Светлана Валентиновна** туралы өрбімек.

Светлана Валентиновна 1973 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданының Ақсу ауылында дүниеге келген. Осы аудандағы М.Горький атындағы орта мектепті бітірген.

1990 жылы Светлана 10-сыныпта оқып жүргенде Сайрам ауданының сол кездегі прокуроры Геннадий Николаевич Журавлев мектепке барып, оқушылармен кездесу өткізеді.

Кездесу барысында жеткіншектердің сұрақтарына жауап бергенде аққұба келген, өткір тілді осы Светлана есінде қалыпты. Ересектердей салиқалы сөз айтып, маңызды мәселені ортаға салған осы қыз болды.

Содан прокурор Г. Журавлев мектеп бітірген соң Светлананы аудандық прокуратураға кеңсеге іс-құжаттармен жұмыс істеуге шақырды. Өзінің еңбекқорлығы арқасында аудан прокуратурасында кеңсе жұмысын атқарып жүріп, Шымкенттегі Халықтар достығы университетінде жоғары білім алып үлгерді.

Міне, сол 33 жылдан бері Светлана Ва-

лентиновна осы прокуратура органында үздіксіз еңбек етіп келеді. «Ағаш бір жерде көгереді» деген рас.

Осынау үш онжылдық ішінде Светлана Ермакова Г.Журавлев, А.Қапесов, Ж.Оспанов, А.Әлекешев, А.Айымбетов, М.Қаныбеков, Қ.Үсіпбаев, С.Орманов, О.Әбдіраманов, Д.Тлемисов сынды ауданның 10 прокурорымен бірге үйлесімді жұмыс атқарып келе жатыр.

Ол қазіргі Бас Прокурордың орынбасары Ж.Өміралиевпен бірге 2000-2003 жылдары Сайрам ауданы прокуратурасының ұжымында әріптес болды.

С.В.Ермакова іскерлік тәжірибесін жұмысқа қабылданған жас мамандармен бөлісіп, нәтижесінде заңдылықты қадағалау жұмыстарына оңды әсерін тигізеді. Мәселен, қазір Жамбыл облысы прокурорының бірінші орынбасары Қ.Мамаев, Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданының прокуроры Қ.Хандиллаев және қазіргі Сайрам ауданының прокуроры Д.Тлемисов осы ауданда жас маман ретінде еңбек жолдарын бастаған. Светланадан көп нәрсе үйреніп, құжаттардың реттелуін меңгерді.

Тағы бір ескеретін жәйт, кезінде осы Сайрам ауданында прокурор болған С. Орманов әріптесі жайында. «Светлана Валентиновнаның жұмысқа деген ұқыптылығын, кеңсе қағаздарына аса жауапкершілік-



С. Ермакова жұмыс барысында

пен қарайтындығын 2012 жылдың наурыз айында Бас прокуратураның инспекторлық тексеруі кезінде байқадым. Барлық іс-құжаттардың мемлекеттік және орыс тілінде жинақталғаны тексерушілердің өзін таңғалдырды» – дегені бар.

Прокуратураның мемлекет атынан заңнама мен құқықтарды, сонымен қатар адамның және азаматтың еркіндіктерін қадағалап бақылайтын құқық қорғау органы екені белгілі. Мұны ол жақсы ұғынады. Бүгінгі таңда Светлана Ермакова прокуратура органдарындағы іс-құжат айналымындағы электрондық жүйелерді жіті меңгеріп, функционалдық міндеттерін жауапкершілікпен атқарады. Бас маман ретінде талай құжатты сауатты жазып, қанттай ғып сақтайды. Кәсіби және іскерлік қасиетін дамыту үшін үнемі ізденісте жүреді. Әріптестері оның жайда-

ры мінезін, жұмысты уақтылы бітіретінін бағалайды.

Ұжымда құрмет пен лайықты беделге ие Светлана Валентиновна Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бұйрығымен «Елеулі еңбегі үшін» және «Қазақстан Республикасының прокуратурасына 20 жыл», «Қазақстан Республикасының прокуратурасына 30 жыл» мерекелік медальдарымен, Сайрам ауданының 90 жылдық мерейтойына орай және ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқаны үшін **«Сайрам ауданына 90 жыл»** медалімен марапатталған. Бірнеше рет облыс прокурорының Алғыс хатын алды.

Осылайша прокуратура органдарындағы ұзақ жылғы қызметінде С.В.Ермакова өзіне жүктелген қызметтік міндеттерді орындауға адал қарайтын білікті маман, жауапты қызметкер екенін дәлелдеп келеді. Оның адамгершілік қасиеті айналасына жылу шашады. Өмірлік жолда жеткілікті тәжірибесі бар, әрбір істің көзін тауып, өзінің жұмыс стилін тиімді қолданады. Бақытын еңбек пен отбасынан тапқан С.В. Ермакованың өмірлік жұбайы Александр Леонидович Ермаков «M-TRADE 19» ЖШС-де жұмыс істейді. Бақытты отбасының ұлы Сергей Ермаков Томск мемлекеттік университетінде аспирантурада оқиды. Ал, қыздары Наталья Шымкенттегі жеке компанияда қызметкер.

Иә, жоғары кәсібилік пен құзыреттілікті, мінсіз жеке қасиеттерді, жауапкершілікті сезінетін осындай замандастарымыз көбейіп, елге үлгі бола берсін дейміз.

***Түркістан облысы прокуратурасының
кадрлық жұмыс тобы***

Ұлттық киім күні



Халықаралық әйелдер күні



Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясына түсуге үміткерлер үшін ақпарат

Білім беру бағдарламалары:

1. «Құқықтану»;
2. «Құқық қорғау қызметі».

Магистратура бағыттары:

1. Ғылыми және педагогикалық бағыттағы магистратура (2 жыл оқыту);
2. Бейіндік бағыттағы, оның ішінде қашықтан оқыту бойынша магистратура (1 жыл оқыту).

Докторантура бағыттары:

1. Ғылыми және педагогикалық бағыттағы PhD докторантура (3 жыл оқыту);
2. Бейіндік бағыттағы, оның ішінде қашықтан оқыту бойынша докторантура (3 жыл оқыту).

Кандидаттарға қойылатын талаптар:

1. Құқық қорғау органдарында жұмыс істейтін қызметкер, әскери қызметші;
2. Магистратураға – жоғары білім, PhD докторантура – жоғары оқу орнынан кейінгі білім (бейінді бағыттағы магистратураны бітірген үміткерлер үшін педагогикалық бейіндегі білім беру бағдарламаларды игергені туралы қосымша куәлік); бейіндік бағыттағы, оның ішінде қашықтан оқыту бойынша докторантура – жоғары оқу орнынан кейінгі білім немесе бейіндік магистратураға теңестірілген арнайы жоғары білім.

3. Өтіл бойынша:

- ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратураға – құқық қорғау органдарында кемінде 1 жыл практикалық жұмыс өтілі;
- бейіндік бағыттағы магистратураға - құқық қорғау органдарында кемінде 2 жыл практикалық жұмыс өтілі;
- қашықтан оқыту бойынша бейіндік бағыттағы магистратураға – құқық қорғау органдарында кемінде 3 жыл басшы лауазымдарда жұмыс өтілі;
- докторантураға түсу үшін – құқық қорғау қызметінің өтілі 5 жылдан кем емес.

Магистратураға түсу үшін құжаттардың тізбесі:

1. Академия ректорының атына баянат;
2. цифрлық құжаттар сервисінен жеке басты куәландыратын электрондық құжат;
3. жоғары білімі туралы құжаттың және оның қосымшасының көшірмесі;
4. шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі (болған жағдайда);
5. ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстарының тізімі (болған жағдайда);
6. ғылыми конференциялар мен байқауларға қатысқаны үшін грамоталар немесе дипломдар (болған жағдайда);
7. 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;
8. 075-У нысанындағы электрондық форматтағы медициналық анықтама;
9. шет тілі бойынша тестілеуге қатысу үшін ақы төлегені туралы түбіртек.

Докторантураға түсу үшін құжаттардың тізбесі:

1. магистратураға түсу үшін құжаттар тізбесінің 1– 9 тармақтарында көрсетілген құжаттар;
2. жоғары оқу орнынан кейінгі білімі туралы құжаттың және оның қосымшасының көшірмесі;
3. педагогикалық бейінді білім беру бағдарламаларын меңгеру туралы негізгі дипломға куәліктің көшірмесі (бейінді бағыттағы магистратураны бітірген PhD докторантураға үміткер үшін).

Оқуға түсу кезеңдері:

Құжаттарды қабылдау – 1 сәуір - 25 шілде аралығында.

Түсу емтихандары – 10-20 тамыз аралығында.

Емтихандар:

1. Шетел тілі бойынша (таңдау бойынша: ағылшын, неміс, француз) - мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын аяқтаған;
- шет тілін меңгеруді растайтын мынадай халықаралық сертификаттары бар үміткерлер.

Ағылшын тілі:

магистратураға: TOEFL IBT кемінде 60 балл // TOEFL PBT кемінде 498 балл // IELTS Academic кемінде 6,0;
докторантураға: TOEFL ITP кемінде 460 балл // TOEFL IBT кемінде 46 балл // TOEFL PBT кемінде 453 балл // IELTS Academic кемінде 5,5.
Неміс тілі: магистратураға: DSH (Niveau C1/C1 деңгейі) // TestDaF-Prufung (Niveau C1/C1 деңгейі) докторантураға: DSH (Niveau B2/ B2 деңгейі) // TestDaF-Prufung (Niveau B2/ B2 деңгейі)

Француз тілі: магистратураға: TFI – оқу және тыңдалым секциялары бойынша B1 деңгейден төмен емес // DELF – B2 деңгейі // DALF – C1 деңгейі // TCF – кемінде 50 балл;

магистратураға: TFI – оқу және тыңдалым секциялары бойынша B2 деңгейден төмен емес // DELF – B2 деңгейі // DALF –B2 деңгейі // TCF – кемінде 50 балл.

2. Мамандық бойынша емтихан: Өткізу нысанын, сондай-ақ білім беру бағдарламалары бойынша пәндер тізбесін Академия анықтайды.

Координаттар:

Егжей-тегжейлі ақпарат Академияның www.academy-gp.kz сайтында

Шет тілінен емтихан тапсыруға онлайн режимде өтініш беру және сынама тестілеуден өту бойынша ақпарат Ұлттық тестілеу орталығының сайтында: <https://app.testcenter.kz>

Қабылдау комиссиясының мекенжайы:

Ақмола облысы, Қосшы қаласы, Республика көшесі 94, индекс 010078

Байланыс телефондары: 8-771-162-49-23; 8-701-177-48-38